

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2025 жылғы 14 қазандағы
№ 261 қаулысымен бекітілген

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ
БОЛЖАМЫ**

Өскемен қ., 2025 ж.
Мазмұны

1. Шығыс Қазақстан облысының экономикасын дамыту қорытындылары	4
1.1 2024 жылғы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы.	4
1.2 2024 жылға арналған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын іске асыру.	6
1. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының есептік көрсеткіштерінің 2024 жылғы болжамды деректермен алшақтығының параметрлері мен себептерін талдау.	8
1.4 Экономикаға әсер ететін факторларды ескере отырып, 2025 жылдың соңына дейін облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау.	10
2.2026-2028 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы	11
2.1 Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының үрдістері мен негізгі бағыттары	11
2.1.1 Бюджеттік-салық саясаты	11
2.1.2 Инфляция деңгейін тежеу	12
2.1.3 Экономика салаларын дамыту	13
өнеркәсіп	13
агроөнеркәсіптік кешен	16
туризм	19
құрылыс	21
көлік	23
байланыс	25
сауда	27
өңірлік даму	28
мемлекеттік басқару жүйесі	28
2.1.4 Бизнес-климатты және инвестициялық тартымдылықты жақсарту	29
2.1.5 Адами капиталдың сапасын жақсарту	31
2.2 Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері	41
2.3 Экономика өсуінің негізгі факторлары және әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы	42
3.2026-2028 жылдарға арналған жергілікті бюджет параметрлерінің болжамы	43
3.1 Бюджеттік параметрлердің үш жылдық кезеңге болжамы	43
3.2 Бюджетаралық қатынастар	44
3.3 Жергілікті бюджет шығыстарының басымдылықтары	44

3.4 Әлеуметтік-экономикалық даму басымдылықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары	45
3.5 Бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі басымдылықтары	45
4. Шығыс Қазақстан облысының 2026-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштері (1 қосымша)	47
5. Шығыс Қазақстан облысының 2026-2028 жылдарға бюджеттік параметрлерінің болжамы (2 қосымша)	75

1.1. 2024 жылғы облыстың әлеуметтік-экономикалық даму

2024 жылдың қорытындысы бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы көрсеткіштердің тұрақты және сапалы өсуімен сипатталады.

Жалпы өңірлік өнім 105,9% өсіммен 5,0 трлн. теңге құрады, жан басына шаққандағы ЖӨӨ – 6,9 млн. теңге. ЖІӨ-нің республикалық көлеміндегі облыстың үлесі – 3,7% (*ел өңірлері арасында 6 орын*).

Экономикалық өсудің негізгі факторы экономиканың негізгі салаларындағы өндірістік белсенділік болды.

2,7 трлн. теңгеге өнеркәсіптік өнім өндірілді, өсу қарқыны 2023 жылғы деңгейге 114,6% (*НКИ – 102,7%*). Тау-кен өндіру саласын өндіру көлемі 119,9% өсіммен (*НКИ – 107,9%*) 164,1 млрд. теңге, өңдеу өнеркәсібі өндірісі – 114,0% өсіммен (*НКИ – 100,6%*) 2,3 трлн. теңге құрады.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 462,6 млрд. теңгені, (*НКИ – 109,0%*) құрды, оның ішінде: өсімдік шаруашылығы өнімі (*НКИ – 112,1%*), (*НКИ – 105,5%*) ұлғайту есебінен.

Облыс экономикасына 119,3% (*НКИ – 116,4%*) 773,9 млрд. теңге инвестицияланды, оның ішінде өңдеу өнеркәсібін 6,8%-ға, білім беру – 5,4 есеге, көлік және қоймалау – 1,9 есеге, құрылыс – 1,9 есеге, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 36,2%-ға инвестициялар көлемін ұлғайту есебінен.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарын 29,2%-ға, ағымдағы жөндеу – 5%-ға ұлғайту есебінен құрылыс жұмыстарының көлемі 2023 жылғы деңгейге қарағанда 130,7% өсіммен (*НКИ – 125,9%*) 411,6 млрд. теңгені құрады.

Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны (*100,2%-ға өсіммен*) 62,8 мың бірлікті құрады, олармен шығарылған өнім көлемі 2 155,4 млрд. теңге (*өнім шығарудың НКИ – 118,6%*).

Берілген кредиттер көлемі 860,1 млрд. теңге құрады немесе 10,8%-ға өсті, жеке тұлғалардың депозиттері 655,3 млрд. теңгеге құрады.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысы 231,8 мың теңге, номиналды мәнде 11,1%-ға, нақты – 1,6 %-ға өсті.

Орташа айлық номиналды жалақы 380 325 теңгені құрады бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңінен 11,9%-ға жоғары, нақты мәнде 2,4%-ға жоғары.

32 мыңнан астам жұмыс орны құрылды, бұл жұмыссыздықты 4,6% деңгейінде сақтауға мүмкіндік берді.

Жылдық инфляция 108,8% құрады (*ҚР – 108,6%*). Азық-түлік тауарларының бағасы 6,1%-ға (*ҚР – 5,5%*), азық-түлік емес тауарлар – 9,2% -ға (*ҚР – 8,3%*), ақылы қызметтер – 12,8%-ға (*ҚР – 13,3%*) өсті.

Сыртқы сауда айналымы (*ЕАЭО-ны қоса алғанда*) 4 729,8 млн. АҚШ долларын, оның ішінде тауарлар экспорты – 2 913,5 млн. АҚШ долларын, импорт – 1 816,3 млн. АҚШ долларын құрады. Сауда балансы оң болды – 1 097,2 млн. АҚШ доллары.

Соның ішінде сыртқы сауда айналымының жалпы көлемінен Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдермен тауар айналымы (*үлесі – 33,8%*)

1 598,0 млн. АҚШ долларын құрады, (экспорт – 755,0 млн. АҚШ доллары, импорт – 843,0 млн. АҚШ доллары). Сауда теңгерімі теріс – 88,0 млн. АҚШ доллары.

Шығыс Қазақстан облысының сыртқы саудадағы ең ірі әріптестері Қытай Халық Республикасы (32,8%), Ресей Федерациясы (26,3%), Түркия Республикасы (9,3%), Қырғызстан Республикасы (8,2%), АҚШ (7,7%), Өзбекстан Республикасы (7,6%), Вьетнам (6,6%), Тәжікстан Республикасы (6,1%) және Мексика (4%) болып табылады.

2024 жылы көлік инфрақұрылымын дамытуға 31,5 млрд. теңге бағытталды, республикалық және жергілікті маңызы бар 710 км жол жөнделді, оның ішінде туристік маршруттар бойынша – 121 км.

Бұқтырма су қоймасы арқылы елімізде және Орталық Азияда ірі көпір (1316 метр) салынды, құны 61,4 млрд. теңге. Жаңа көпір 170 мыңнан астам аудан тұрғындары мен бизнес субъектілері үшін (Күршім, Катонқарағай, Зайсан, Тарбағатай, Самар, Алтай, Үлкен Нарын, Марқакөл аудандары) қауіпсіз және жыл бойы үздіксіз көлік қатынасын қамтамасыз етеді.

«Өскемен-Риддер-Ресей Федерациясының шекарасы» (01-10 км, 10-30 км учаскелер пайдалануға берілді), «Өскемен-Таврия-Семей», 48-66 км (пайдалануға берілді), «Қалбатау – Майқапшағай» (1140-1321 км учаскеде) орташа жөндеу жұмыстары және «Өскемен-Алтай-Рахман қайнары» жолында 4 көпірді күрделі жөндеу жөндеу жұмыстары аяқталды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 93%-ға дейін жеткізілді.

Халықтың қалаларда сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділігі 99,9%-ға жетті, ауылдық елді мекендерде 98,4%-ға жетті немесе 345 ауыл орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілді. 11 млрд. теңгеге 13 нысан (101,074 км желі) пайдалануға берілді (11 – сумен жабдықтау, 2 – су бұру).

2024 жылы «Ауыл-Ел бесігі» бойынша 58 тірек және спутниктік ауылдарда 89 жобаны іске асыруға 10,9 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде

- **75** жоба аяқталды (Тарбағатай ауданының Тұғыл ауылында ДШСК құрылысы, Ұлан ауданының Қасым Қайсенов кентіндегі мәдениет және демалыс орталығы, Катонқарағай ауданының Катонқарағай ауылында қазандық пен жылу желілерін қайта құру, Самар ауданының Бастаушы ауылында, Ұлан ауданы Айыртау және Герасимовка ауылдарында және Алтай ауданының Жаңа Бұқтырма кентінде дәрігерлік амбулаторияны, Ұлан ауданының Ұлан ауылында клуб және Бозанбай ауылында мектепті, Марқакөл ауданының Марқакөл ауылында 2 білім беру нысанын күрделі жөндеу, жолдарды орташа жөндеу бойынша 35 жоба, көшені жарықтандыру тіректерін орнату бойынша 28 жоба);

- **13** жоба бойынша (Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында ДШСК, Ұлан ауданы Қасым Қайсенов кентінде емхана, Ұлан ауданы Таврия ауылында қазандық, Зайсан ауданының Жарсу ауылында мектептің спорттық корпусы және Айнабұлақ ауылында спорттық модуль, Зайсан ауданының Қаратал ауылында дәрігерлік амбулатория салу, Зайсан ауданының Сарытерек ауылында Мәдениет үйінің ғимаратын күрделі жөндеу, Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында кәріз желілері және стадионды, Ұлан ауданының Қасым Қайсенов кентіндегі жылу желілерін

қайта құру, Самар ауданының Көкжота, Көкжыра ауылдарында көшелерді орташа жөндеу) жұмыстар **2025 жылы** жалғасады.

Нәтижесінде 2024 жылы облыс бойынша 58 тірек және спутниктік ауыл жаңғыртылды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ауылдарды стандарттармен қамтамасыз ету деңгейі 59,7%-ға дейін өсті (2023 жыл – 58,0%, 2022 жыл – 56,8%).

1.2. 2024 жылға арналған салық-бюджет саясатының негізгі бағыттарын іске асыру

Шығыс Қазақстан облысы өңірдің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, бюджет шығыстарының тиімділігін арттыруға және қаржылық дербестігін нығайтуға бағытталған бюджет және салық саясатын жүргізеді.

Облыстың 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттік саясаты бюджеттік шығындарға басымдық беруді, мониторингілеу тетіктерін жетілдіруді, орта және ұзақ мерзімді тәуекелдерді есепке алуды көздейтін Қазақстан Республикасының жаңа Бюджеттік және Салық кодекстері ережелерін қолданумен қалыптастырылған.

ШҚО бюджеттік параметрлерінің болжамы

млн. теңге

№/с	Көрсеткіштердің атауы	2026 жылға арналған болжам		Ауытқу
		2026–2028 жылдарға арналған ӘЭДБ	2025–2029 жылдарға арналған ӘЭДБ	
1	Түсімдер	493 290,5	501 834,1	- 8 543,6
2	<i>ЖӨӨ-ге %</i>	7,4	8,5	-1,1
3	Кірістер (трансферттерді есепке алмағанда)	232 787,9	215 649,8	17 138,1
4	<i>ЖӨӨ-ге %</i>	3,5	3,6	-0,1
5	Салықтық түсімдер	224 481,8	201 479,2	23 002,6
6	Салықтық емес түсімдер	4 742,9	2 303,7	2 439,2
7	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	943,8	11 866,9	-10 923,1
8	Арнайы түсімдер	2 619,4		- 2 619,4
9	Трансферттердің түсімдері (оның ішінде субвенция)	250 218,1	281 678,6	- 31 460,5
10	Бюджеттік кредиттерді өтеу	10 284,5	4 505,7	5 778,8
11	Шығыстар	502 923,2	501 834,1	1 089,1
12	<i>ЖӨӨ-ге %</i>	7,6	8,5	-0,9
13	Дефицит	-9 632,7	0	-9 632,7
14	<i>ЖӨӨ-ге %</i>	3,9	5,9	3,9

2024 жылы мақұлданған параметрлермен салыстырғанда, төмендегідей өзгерістер бар.

Облыс бюджетінің 2026 жылға арналған кірістері (трансферттерді

қоспағанда) 232,8 млрд. теңге көлемінде болжануда, бұл 2025–2029 жылдарға арналған ӘЭД болжамында 7,9%-ға немесе 17,1 млрд. теңгеге артық.

Кірістердің өсуі, ең алдымен, салық түсімдерінің *есебінен*. 201,5 млрд. теңгеден 224,5 млрд. теңгеге дейін өсу қарқыны 111,4% немесе 23 млрд. теңгеге өсуімен қамтамасыз етіледі. Бұл салықтық әкімшілендіруді жақсарту, фискалдық процестерді цифрландыру, шағын және орта бизнестің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру және көлеңкелі экономиканың бір бөлігін заңдастыру бойынша жүйелі жұмыстардың нәтижесі болды.

Салықтық емес түсімдер бұрын бекітілген көрсеткіштерден екі есе көп, яғни 4,7 млрд. теңге деңгейінде болжануда. Ұлғаю ақылы негізде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер спектрі, сондай-ақ мемлекеттік мүліктің пайдаланылуына бақылауды күшейтудің ауқымды жүргізілуіне байланысты.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болжамы бірқатар жекешелендіру процестерінің аяқталуына және сатылатын мемлекеттік мүлік көлемінің азаюына байланысты 10,9 млрд. теңгеге төмендеді.

Республикалық бюджеттен түсетін трансферттердің түсімдері 250,2 млрд. теңге көлемінде болжануда, бұл алдыңғы болжаммен салыстырғанда 7,4%-ға немесе 19,9 млрд. теңгеге аз.

Облыстық бюджет шығыстарының жалпы көлемі 2026 жылға 502,9 млрд. теңгені құрайды деп болжануда, бұл бұрын бекітілген деңгейден 1,1 млрд. теңгеге жоғары. Шығыстар қолданыстағы бюджеттік шектеулер шеңберінде қалыптастырылады және өңірлік саясаттың басым бағыттарын іске асыруға бағытталады:

әлеуметтік саланы дамыту (білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қолдау);

көліктік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту;

агроөнеркәсіптік кешенді және шағын бизнесті дамыту;

қоршаған ортаны қорғау және басқаруда цифрлық шешімдерді енгізу.

Субвенция көлемі азайған жағдайда, шығындардың қалыпты өсуін сақтау, тиімділік пен нәтижеге баса назар аудара отырып, тәртіпті күшейтуді және бағдарламалық шығындарды оңтайландыруды талап етеді.

Кірістер мен шығыстарды нақтылауды ескере отырып, облыстың бюджет тапшылығы ЖӨӨ-нің 3,9% деңгейінде болжануда, бұл аймақтың қарыздық тұрақтылығына қауіп төндірмейді.

Шығыс Қазақстан облысының бюджеттік саясаты орта мерзімді перспективада бағыттالاتын болады:

салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру және көлеңкелі экономиканы төмендету арқылы кірістер базасын нығайту;

өңірлік қаржының теңгерімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету;

шығыстарды оңтайландыру және олардың мақсатты пайдаланылуына бақылауды күшейту;

мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін дамыту және бюджеттен тыс қаржыландыру көздерін жандандыру.

2025 жылдың соңына дейін облыстағы экономикалық жағдайды

бағалау

Шығыс Қазақстан облысы 2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі бюджеттік көрсеткіштердің оң динамикасын көрсетіп отыр.

Меншікті кірістер бекітілген жоспарға қарағанда 13,4%-ға, оның ішінде салықтық түсімдер 12,7%-ға өсуі кірістер базасының нығаюын және әкімшілендірудің тиімділігінің артуын көрсетеді. Цифрлық бақылау құралдарын белсенді енгізуі, кәсіпкерлік белсенділіктің артуы салық жинауға оң әсерін тигізді.

Трансферттердің жалпы көлемі шамалы (1,0%-ға) қысқарды. Трансферттердің аздап төмендеуіне қарамастан, күрделі және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру және бюджеттен тыс көздерді іздеу тәуекелдері болуы мүмкін.

Шығыс Қазақстан облысы өз кірістерінің тұрақты өсу қарқынын сақтап келеді және бюджеттік процестерді басқарудың сапасын көрсетуде.

Өңір қаржылық дербестікті жүйелі түрде нығайтады, кірістердің құрылымын жақсартады және шығыстардың тиімділігін арттырады.

1.3 Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының есептік көрсеткіштерінің 2024 жылғы болжамды деректермен алшақтығының параметрлері мен себептерін талдау

Шығыс Қазақстан облысының 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына (бұдан әрі – ӘЭДБ) сәйкес 2024 жылы экономиканың өсуі 103,1% деңгейінде болжанған (ШҚО әкімдігінің 2023 жылғы 6 қазандағы № 216 қаулысымен бекітілген).

2024 жылдың қорытындысы бойынша ЖӨӨ өсімі 105,9% құрады (бекітілген болжамды мәннен +2,8 п. т. жоғары). ЖӨӨ өсуін қамтамасыз етуге экономиканың мынадай секторлары неғұрлым елеулі үлес қосты: құрылыс (НКИ – 125,9%), көлік және қоймалау (НКИ – 123,7%), жылжымайтын мүлікпен операциялар (НКИ – 118,4%), ауыл, орман және балық шаруашылығы (НКИ – 108,7%), сауда (НКИ – 107,5%) және өнеркәсіп (НКИ – 102,7%).

ӘЭДБ шеңберіндегі көрсеткіштердің болжамы салалардағы өсу жөніндегі салалық мемлекеттік органдардың болжамдары негізінде жүзеге асырылады.

2024 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсуі 102,7% (болжам – 103,0%) құрады. Болжамды мәннен 0,3 п.т. ауытқу өңдеу өнеркәсібіндегі көлемдердің шамалы өсуімен байланысты – 100,6 % (болжамды мәннен -2,5 п. т.), күміс өндіру көлемінің 30,6%-ға, тазартылған алтын өндіру көлемінің 11%-ғаға төмендеуіне байланысты.

Бұл ретте, тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі көлемдердің өсуі 107,9%-ға (болжамды мәннен +4,4 п.т. жоғары), құрамында алтыны бар концентраттар өндірісінің көлемін 24,8%-ға, мыс концентраттарын өндіру көлемін 17,6%-ға ұлғайту есебінен жетті.

Ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі

8,7%-ға өсті, бұл болжамды мәннен 6,2 п.т. жоғары. Бұл өткен жылы жоғары өнімділікке байланысты өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру көлемінің 12,1%-ға ұлғаюына байланысты. 581,8 мың тонна дәнді дақылдар, 423,3 мың тонна майлы дақылдар және 191,4 мың тонна картоп бастырылды.


Құрылыс жұмыстарының көлемі 25,9%-ға (болжамды мәннен+22,4 п.т.), құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемін 26,5%-ға, күрделі жөндеу – 52,7%-ға, ағымдағы жөндеу – 12,6%-ға ұлғайту есебінен өсті.

Өсім Бұқтырма су қоймасы арқылы көпір, әлеуметтік нысандар, көппәтерлі тұрғын үйлер, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым және автомобиль жолдары құрылысы бойынша жобаларды іске асырумен байланысты.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндірістік белсенділіктің кеңеюі көлікке оң әсер етті. 2024 жылы осы саладағы қызметтер көлемі 23,7%-ға өсті (болжамды мәннен+23,6 п.т.).

Өз кезегінде сауда 7,5%-ға өсті (болжамды мәннен+2,3 п.т.). Өсім көтерме саудада сату қарқынының 15,8%-ға және бөлшек саудада – 2,2%-ға ұлғаюына байланысты.

Сурет 1. Болжамды және нақты деректердің өсу (төмендеу) қарқыны арасындағы сәйкессіздіктер, %



Сонымен қатар, 2024 жылғы ЖӨӨ номиналды көлемінің нақты және болжамды мәндері арасында шамалы алшақтық байқалады.

ЖӨӨ көлемі 5 035,1 млрд. теңгені (немесе ҚР ҰБ долларының орташа жылдық бағамы бойынша 107,3 млрд. АҚШ долларын – 469,4 теңгені) құрады, бұл болжамды мәннен 85,3 млрд. теңгеге жоғары – 4 949,8 млрд. теңге.

1.4. Экономикаға әсер ететін факторларды ескере отырып,

2025 жылдың соңына дейін облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау

2025 жылдың басынан облыстың экономикасы қарқынды дамып келеді.

Облыстың жалпы өңірлік өнімінің көлемі 2025 жылдың қаңтар-наурыз айларына 1 128,6 млрд. теңге құрады (*ҚР бойынша үлесі – 3,7%*), НКИ – 95,3%. Жан басына шаққандағы ЖӨӨ – 1 560,2 мың теңге.

Ағымдағы жылдың қаңтар-тамыз айларында **қысқа мерзімді экономикалық индикатор 97,3%-ды** құрады. Бұл ретте, ағымдағы жылдың басынан бастап **қысқа мерзімді экономикалық индикатордың НКИ бойынша оң динамика байқалады**, егер қаңтарда НКИ **87,3%** құраса, тиісінше шілдеде – **96,1%**, тамызда – **97,3%** құрады.

2025 жылғы қаңтар-тамыз айларында инвестициялар – 455,7 млрд. теңгеге (*НКИ – 115,6%*), құрылыс жұмыстары – 221,1 млрд. теңгеге (*НКИ – 104,3%*), ауыл шаруашылығы – 208,5 млрд. теңгеге (*НКИ – 102,8%*), бөлшек сауда – 822,9 млрд. теңгеге (*НКИ – 100,3%*) жетті. 164,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, өсу қарқыны 101,6%.

Сонымен қатар, «Казцинк» ЖШС өндіріс көлемінің қысқаруына байланысты **өнеркәсіп өнімінің** көлемі 6,5%-ға (*2 110,6 млрд. теңге, НКИ – 93,5%*), оның ішінде өңдеу өнеркәсібі бойынша – 7,8%-ға (*1 871,1 млрд. теңге, НКИ – 92,2%*) төмендеді.

Бұл ретте, ағымдағы жылдың басынан өнеркәсіптік өндірістің НКИ бойынша **оң динамика байқалады**, егер қаңтарда НКИ **80,3%** құраса, онда тиісінше шілдеде – **92,0%**, тамызда – **95,7%** құрады.

Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 101,2% өсіммен өсу қарқынымен 63,7 мың бірлік.

2025 жылғы қаңтар-маусым айларында орташа айлық номиналды жалақы 407 202 теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңнен 8,8%-ға жоғары.

2025 жылдың 1 тоқсанында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 3,9% құрады, халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысы – 247 586 теңгені, бұл номиналды мәнде 2024 жылғы сәйкес кезеңінен 12,8%-ға жоғары.

2025 жылғы 1 қыркүйегіне 785,0 млрд. теңгеге кредиттер берілді, депозиттер көлемі 1 270,3 млрд. теңгені құрады, оның ішінде жеке тұлғалар – 715,2 млрд. теңге (*56,3%*).

Ағымдағы жылдың басынан бастап өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде нақты секторда жаңа өндірістер ашу, шағын бизнесті дамыту және жаңа әлеуметтік объектілерді іске қосу есебінен 17 429 жұмыс орны құрылды, (*оның ішінде тұрақты – 11972, уақытша – 5637*). Жұмыссыздық көрсеткіштер деңгейі 4,6% сақталды (*2025 жылы 2 тоқсан*).

2025 жылғы тамыз айына 2024 жылғы желтоқсанға қарағанда **тұтыну бағаларының индексі 108,9%** (*ҚР – 108,8%*) құрады, оның ішінде азық-түлік тауарлары бойынша – 109,1% (*ҚР – 108,9 %*), азық-түлік емес тауарлары – 106,9% (*ҚР – 106,4%*), ақылы қызметтер – 110,9% (*ҚР – 110,8%*).

Ағымдағы жағдайды ескере отырып, 2025 жылы ЖІӨ өсімі 3,1% деңгейінде бағаланады. 2025 жылы номиналды ЖІӨ 5,8 трлн. теңге көлемінде болжанады. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 15 441,2 АҚШ доллары деңгейінде бағаланады.

Өнеркәсіп көлемінің өсуі 1,1 %, ауыл шаруашылығы – 3,1 %, сауда – 5,0 %, құрылыс – 9,5 %, көлік – 15,0 % деңгейінде күтілуде.

2. 2026-2028 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы

2.1. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының үрдістері мен негізгі бағыттары

Орта мерзімді перспективада облыстың әлеуметтік-экономикалық саясаты экономикалық қайта құрулардың негізінде жатқан және Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының даму басымдықтары мен күтілетін нәтижелерінде көрініс тапқан қағидаттарды ұстанатын болады және экономикалық агенттер мен халықтың әлеуетін барынша ашу мақсатында әділдік пен мүмкіндіктерді теңестіруге бағытталатын болады.

Экономикалық модельдің құрамдас бөлігі индустриялық әртараптандыру, сондай-ақ экономиканың барлық секторларының әлеуетін ашу болады.

Қойылған мақсатқа жету үшін барлық қабылданатын шаралар макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, экономиканы цифрландыруға, бизнес-орталық және адами капиталды жақсартуға, теңгерімді өңірлік дамуға бағытталатын болады.

2.1.1. Бюджет-салық саясаты

Шығыс Қазақстан облысының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттік-салық саясаты орнықтылық, теңгерімділік және нәтижеге бағдарлану қағидаттарына сәйкес қалыптастырылатын болады. Саясат Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары шеңберінде қойылған міндеттерге негізделеді.

Бюджеттік саясаттың негізгі мақсаттары:

- өңір бюджетінің тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету;
- бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру;
- әлеуметтік маңызы бар бағыттарды басым қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- өңірдің жеке табыс базасын дамыту.

Салық саясаты бизнес үшін қолайлы фискалдық ахуалды құруға, салық салынатын базаны кеңейтуге және кірістерді басқаруды жетілдіруге бағытталған.

Негізгі назар кіріс базасын кеңейтуге:

- салық түсімдерінің өсуіне;

- салықтық әкімшілендіруді жетілдіру есебінен салықтардың жиналуын арттыруға;

- шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту есебінен салық түсімін ұлғайтуға аударылады.

Көлеңкелі экономиканы анықтау және заңдастыру, тиімділігі төмен салықтық преференцияларды қысқарту, сондай-ақ салық төлеушілермен неғұрлым тығыз өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысты күшейту көзделеді.

Шығыс Қазақстан облысы алдағы бесжылдықта мыналарды қамтамасыз ететін тұрақты және болжанатын бюджеттік-салық жүйесін қалыптастыруға ұмтылатын болады:

- көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасының өсуі;
- экономиканың басым салаларын қолдау (*агроөнеркәсіптік кешен, туризм және т.б.*);

- нәтижелерді басқару құралдарын енгізу (*мониторинг, шығыстарды шолу, нәтижелерді бағалау*), цифрландыру және азаматтық қоғамды тарту арқылы бюджеттік процестің ашықтығы мен есептілігін арттыру.

Фискалдық басқарудың жаңа тәсілдерін іске асыру өңірдің орнықты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, инвестициялық тартымдылықты арттыруға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деп күтілуде.

2.1.2. Инфляция деңгейін тежеу

Инфляциялық процестерді басқару жергілікті атқарушы органдардың бірлескен күш-жігерімен жүзеге асырылатын болады. Бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ұзақ мерзімді орнықты экономикалық өсу үшін қажетті жағдайлар жасауға ықпал ететін болады.

Әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларына (*бұдан әрі – ӘМАТТ*) шекті мәндер мен шекті бағаларды белгілеу және тұрақтандыру қорларының резервтерін пайдалану, сауда желілеріне олар үшін белгіленген мөлшерлемелермен ӘМАТТ өткізу бойынша қарсы міндеттемелерді белгілей отырып, пайызсыз қарыздар беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерін өткізу практикасы жалғастырылады.

«Айналым схемасы» шеңберінде бағаның өсуіне жол бермеу мақсатында облыс бюджетінен 4,4 млрд. теңге бөлінді, 1000 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен, көтерме сатушылармен және сауда объектілерімен сауда үстемесінің ең аз 15% қолдану туралы меморандумдар жасалды, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, тұрақты негізде ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіледі.

Бұдан басқа, 2025 жылы Өскемен қаласында «Алтай» көтерме-тарату орталығының ашылуы шағын және орта ауыл шаруашылығы құрылымдарының делдалдарсыз саудаға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2.1.3. Экономика салаларын дамыту

Ел мен облысты дамытудың экономикалық әлеуеті өндірістік-өнеркәсіптік және ресурстық құрамдас бөліктер болып табылады.

Қызмет көрсету секторына мультипликативтік әсері бар өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешенге баса назар аудара отырып, әртараптандырылған экономика құру экономикалық саясаттың басымдығы болып қала береді.

Өнеркәсіп

Орта мерзімді кезеңге арналған өнеркәсіптік саясат бәсекеге қабілеттілікті ынталандыруға, өнеркәсіптің дәстүрлі секторларына жаңа серпін беруге және жаңа өндірістер құруға бағытталатын болады.

Бұл мақсатқа қол жеткізу индустрияландыруды тереңдету, өндіріс көлемін, сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлардың номенклатурасы мен күрделілігін кеңейту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Тұтастай алғанда, индустриялық саясат сабақтастықты сақтайды және инфрақұрылымдық пен институционалдық негізді барынша пайдалана отырып, өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталатын болады.

Өнеркәсіптік қуаттылықтардың ұлғаюы жоғары өнімділікпен және отандық шикізат пен жиынтықтауышты барынша пайдаланумен сүйемелденетін болады. Бұл міндет жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың базалық салалардың жаңа өндірістерін игеруін ынталандыру, капиталды қажет ететін өндірістерді, оның ішінде ТҰК және шетелдік инвесторлардың қатысуымен құру және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына қажетті шикізатты ұсыну арқылы шешілетін болады.

Индустрияландыруды тереңдету сондай-ақ кәсіпорындарды өсу нүктелеріне ұтымды орналастыру және өнім өндіруші кәсіпорындардың пулын құру арқылы жүзеге асырылатын болады, бұл сонымен қатар шығарылатын өнім номенклатурасын кеңейтуге және жаңа шетелдік нарықтарды игеру арқылы саланың экспорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Қосымша серпін көлік-логистикалық және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды жағыртуға, сонымен қатар электр энергетикасында озық қуаттылық құруға мүмкіндік береді.

Көрсетілген факторлар кешені орта мерзімді перспективада өнеркәсіптік өндірістің орнықты оң серпінін қамтамасыз етуге және өнеркәсіптік базасын нығайтуға мүмкіндік береді.

Облыстың өнеркәсіптік өндіріс құрылымында (2025 жылдың 1 қыркүйегіне жағдай бойынша) өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 88,7%-дан астам, тау-кен өндіру өнеркәсібі үлесі – 6,0%-дан асады.

Өңдеу өнеркәсібінде 972 кәсіпорын, оның ішінде 33 орта кәсіпорын, 20 ірі кәсіпорын жұмыс істейді.

Тау-кен өнеркәсібінің негізі құрамында мыс, қорғасын, мырыш, алтын, күміс бар полиметалл кендерін өндіру болып табылады. Сондай-ақ алтын кені, мыс кен орындары игеріліп, кең таралған пайдалы қазбалар өндіріледі.

Облыс келешекте де әртараптандырылған экономикасы бар Қазақстанның өнеркәсіптік дамыған өңірлерінің бірі болып қала береді, онда өнеркәсіптің барлық дерлік кіші салаларының кәсіпорындары ұсынылатын болады.

Тау-кен металлургия саласын дамыту.

Күш-жігер экспортқа және импортты алмастыруға бағытталған терең өңдеу кластерлерін дамытуға бағытталады. Саланың серпіні геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі кеңейту, табиғи газдың жаңа кен орындарын игеру және минералды-шикізат базасын толықтыру, оның ішінде сирек-жер металдарын өндіруді ұлғайту арқылы айқындалатын болады.

Минералды-шикізат базасын кеңейту кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру және өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйелерін ендіру есебінен өндіру тиімділігін арттырумен сүйемелденетін болады.

Металл жеткізудің қазақстандық сыртқы арналарының орнықтылығы экспорттық бағыттарды әртараптандырумен қатар өндірістің серпінін қолдауға ықпал ететін болады.

Бұл жағдайлар өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, тау-кен өнеркәсібінің оң өсуін сақтауға ықпал ететін болады.

Облыста дамудың елеулі әлеуеті базалық салаға ие – металлургия, оның үлесі өңдеу өнеркәсібінде 70,3% құрады (*2025 жылдың 1 қыркүйегіне жағдай бойынша – 71,4%*). Сала тұтастай алғанда экспортқа бағдарланған болып табылады, алайда түсті металлургиядағы сыртқы нарыққа жеткізілімдердің басым бөлігі төмен қайта бөлулерден тұрады, осыған байланысты экономиканы әртараптандыру мақсатында неғұрлым терең өңдеуге көшу жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Елімізде екі жаңа атом электр станциясын салу жоспарын ескере отырып, ҰМЗ және «Үлбі-ТВС» кәсіпорындары ұлттық атом энергетикасы үшін отынның жетекші жеткізушісі болу мүмкіндігіне ие. «Үлбі-ТВС» атом электр станциялары үшін отын жинақтарын өндіру бойынша жобалық қуатқа шықты, бұл жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі облыстың стратегиялық рөлін көрсетеді.

Өңірдің басты артықшылығы – құрамында түсті металдар бар полиметалл кендерінің бірегей кен орындарының болуы; дамыған өндірістік әлеуеттің болуы, оның ішінде түсті металдар кендерін өндіру, негізгі асыл және түсті металдар өндірісі.

2012-2024 жылдары облыс аумағында 12 кен орны барланып, алғаш рет балансқа есепке алынды, оның ішінде: алтын бойынша – 3, сирек металдар бойынша – 2, мыс бойынша – 1, темір бойынша – 1, полиметалл техногендік нысандар бойынша – 5.

2024 жылы негізгі металдар бойынша қорлардың өсімі алынды: 101,5 тонна – алтын, 495,6 тонна – күміс, 90,4 мың тонна – мыс, 909,5 мың тонна – мырыш, 712 мың тонна – никель және кобальт.

2030 жылға қарай Малеевское (*Зырян КБК, Тишинское және Риддер-Сокольное (Лениногорский КБК)*) сияқты ірі қаланы қамтитын кен орындары игерілетін болады. Олар аймақ экономикасына үлкен әсер етеді.

Ново-Лениногорское, Долинное, Чекмарь (*«Казцинк» ЖШС*) жаңа кен орындарын іске қосу 2035-2040 жылдарға дейін кен өндіруге мүмкіндік береді.

Минералды-шикізат базасын толықтыру мақсатында геологиялық барлау жұмыстарының кешені жүргізіледі. Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ондаған перспективалы алаңдар анықталды, Алтай, Зайсан, Катонқарағай, Күршім, Тарбағатай, Ұлан және Шемонаиха аудандарында мыс, полиметалдар, сирек металдар, алтынның болжамды ресурстары мен қорлары есептелді.

Қазақстан Республикасының геологиялық саласын дамытудың 2024-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде республикалық бюджет қаражаты есебінен облыс аумағында жалпы сомасы 6,6 млрд. теңгеге 22 объекті бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Экономиканы әртараптандыру, тауарлар экспортын кеңейту жұмыстары жалғасуда.

2024 жылы инвестициялық жобалардың жалпыұлттық пулы шеңберінде құны 45 млрд. теңге болатын 381 жұмыс орнын құрумен 10 жобаны іске асыру жоспарланған, оның ішінде өнеркәсіп саласында 17,7 млрд. теңгеге 158 жұмыс орнын құрумен 5 жоба жоспарланған:

1. «BaurGold» ЕЖШС – Глубокое ауданының Секисовка ауылындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорнында жаңғырту, құрамында алтын бар кендерді өндіруді жылына 800 мың тоннадан 1 млн. тоннаға дейін ұлғайту. Құны – 9,0 млрд. теңге;

2. «Казцинк» ЖШС – «Алтай» тау-кен байыту комбинатының жұмыс істеп тұрған өңдеу фабрикасында өндірісті жаңғырту. Құны – 5,0 млрд. теңге. Жұмыс орны – 30;

3. «Kazmetalexport» ЖШС – түсті металл сынықтарын өңдеу зауытының құрылысы. Құны – 1,5 млрд. теңге. Жұмыс орны – 50;

4. «ӨК ЖБИ» ЖШС – темірбетон бұйымдарын шығаратын зауытының құрылысы. Құны – 1,0 млрд. теңге. Жұмыс орындары – 48;

5. «УК Трубтех» ЖШС – полиэтилен құбырларын шығаратын зауытының құрылысы. Құны – 1,2 млрд. теңге. Жұмыс орындары – 30.

2025 жылы Жалпыұлттық пул шеңберінде құны 104,0 млрд. теңге болатын 758 жұмыс орнын құрумен 11 инвестициялық жобаларды, оның ішінде өнеркәсіп саласында – 74,1 млрд. теңгеге 170 жұмыс орнын құрумен 4 жобаны іске асыру жоспарланған:

1. «Востокмашзавод» АҚ – «Құю өндірісін жаңғырту (*өндіріс: бүйір жақтау, арбалар, арқалықтар, үдеткіш*)». Құны – 33,8 млрд. теңге. Жұмыс орны – 60;

2. «Altai mai» ЖШС – «Қуаттылығы жылына 168 мың тонна май зауытын салу». Құны – 26,5 млрд. теңге. Жұмыс орны – 10;

3. «Ertis Bereke Oskemen» ЖШС – «Жаңбырлатқыш машиналар өндірісін дамыту». Құны – 5,8 млрд. теңге. Жұмыс орны – 90;

4. «Altyn Shyghys» ЖШС – «Жылына 300 мың тонна май өндіру (2-кезең)». Құны – 8,0 млрд. теңге. Жұмыс орны – 10.

Инновациялық қызмет.

Бизнесті инновацияларды енгізуге ынталандыру үшін, оның ішінде өңірлерде инновацияларды кеңейтудің «өсу нүктелерін» дамыту арқылы жағдайлар жасалатын болады, онда орналастыру үшін аумақ ұсыныла отырып, инноваторлар үшін әдіснамалық және білім беру қызметтерінің толық спектрі ұсынылатын болады. Бизнес-инкубаторларды, технопарктерді және инновациялық инфрақұрылымның басқа да элементтерін дамыту жалғасады.

Инновацияларды қолдаудың барлық шараларын жинақтайтын, ұлттық инновациялық жүйеге қатысушылар арасындағы өзара іс-қимыл процестерін цифрландыратын және жүргізіліп жатқан мемлекеттік технологиялық саясатты талдау мен бағалаудың сапалы құралдарын қамтамасыз ететін Ұлттық инновациялық жүйенің «Бірыңғай терезесін» қалыптастыру жөніндегі жоба іске асырылатын болады.

2024 жылы «Үлбі металлургия зауыты» АҚ-да «Солтүстік алаң. Ғимарат 600», таблетка өндірісі. «Техникалық қайта жарақтандыру» жобасы 2,0 млрд. теңгеге іске асырылды.

Сондай-ақ, бериллий өндірісінде «Үлбі металлургия зауыты» АҚ сандық бағдарламалық басқарумен жоғары тиімді металл өңдеу жабдықтарын сатып алу жобасы іске асырылды. Жобаны іске асыру өндіріс процесінің тиімділігін арттыруға, бериллийден жасалған бұйымдардың өзіндік құнын төмендетуге, жоғары рентабельді өнім көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Агроөнеркәсіптік кешен

Саладағы орнықты оң өсуі АӨК-тегі неғұрлым жоғары өнімді жобалар үшін субсидиялау және жеңілдікті кредиттеу құралдарын қоса алғанда, мемлекеттік қолдаудың шаралары есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Ауыл шаруашылығын дамытуда ең алдымен егіс алқаптарын әртараптандыру және агротехнологияларды ендіру есебінен өсімдік шаруашылығын интенсификациялау жағына назар аударылатын болады, бұл өнімділікті арттыруға және өндіріс шығыстарын төмендетуге мүмкіндік береді.

Шағын және ылғалды көп қажет ететін дақылдарды қысқарту есебінен сұранысқа ие дақылдардың (майлы дақылдар, көкөністер, жемшөп) ауданын ұлғайту жоспарлануда. Сондай-ақ, отандық тұқымдармен қамтамасыз ету деңгейін жеткізу бойынша шаралар қабылданатын болады.

Бұл өнімділікті арттырудан басқа, мал шаруашылығын, қайта өңдеу саласын, АӨК өнімдерімен сауданы дамытуға және т.б. оң мультипликативті әсер етеді.

Ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын жеделдету бойынша шаралар негізінен аграршылардың қажеттіліктерін ескере отырып, отандық өндіріс есебінен қабылданатын болады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге субсидиялардың

тиімділігін арттыру үшін оларды бөлу тәсілдерін қайта қарау жоспарлануда.

Үлкен әсер алу үшін өсімдік шаруашылығындағы жоспарлар су қоймаларын салу және реконструкциялау, ирригациялық арналарды жаңғырту және т.б. жоспарлармен барынша синхрондалатын болады.

АӨК-ті жедел дамыту мақсатында егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жеңілдікпен кредит беру, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды қаржыландыру үшін жеңілдікпен лизинг, АӨК-тегі инвестициялық жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру тетіктері пайдаланылатын болады.

Қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемін кеңейтуді ынталандыру және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Бір мезгілде жаңа өткізу нарықтарын игеру және жеткізілімдерді әртараптандыру есебінен экспорттық позицияларды нығайту көзделеді.

Жиынтықта бұл факторлар саланың орнықты дамуына және экономиканың аралас салаларында өсуді ынталандыруға ықпал ететін болады.

Облыстың жер қоры 9,8 млн. гектарды құрайды, оның 36,7%-ы немесе 3,6 млн. гектары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, оның ішінде егістік жерлерге – 0,6 млн. гектар тиесілі.

2024 жылдың қорытындысы бойынша облыс 117 мың га пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мемлекеттік меншікке қайтарылды. 2025 жылы 120 мың гектар жерді қайтару жоспарлануда, ағымдағы жылдың 8 айында 78,6 мың гектары мемлекеттік меншікке қайтарылды, оның 34,1 мың гектары мемлекетке өз еркімен берілген.

2024 жылы облыстың ауыл шаруашылығы дақылдары 607,6 мың га алаңға орналастырылды, оның ішінде: дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар – 254,4 мың га (42%), майлы дақылдар – 223,7 мың га (37%), жемшөп дақылдары – 117,7 мың га (19%), картоп – 8,1 мың га (1,3%), көкөніс-бақша – 3,9 мың га (0,6%).

Өсімдік шаруашылығы саласында ауыл шаруашылығы өнімін шығаруды ұлғайту үшін жыл сайын егіс алқаптарын әртараптандыру жүргізіледі.

2025 жылы 616,9 мың га алаңда егіс науқаны жүргізілді, бұл 2024 жылмен салыстырғанда 9,3 мың га артық (607,6 мың га).

Облыста ауыл шаруашылығы өнімінің қарқынды өсуі байқалады, оған ірі қара мал басының санын ұлғайту, сүт-тауар фермалары мен бордақылау алаңдарын, сою пункттерін, асыл тұқымды шаруашылықтарды құру, жемшөп базасын нығайту және саланы мемлекеттік қолдау бойынша мақсатты жұмыс ықпал етеді.

2025 жылы ауыл шаруашылығын қолдауға 26,5 млрд. теңге, оның ішінде өсімдік шаруашылығы саласын дамытуға – 6,1 млрд. теңге (тұқым шаруашылығы – 1,1 млрд. теңге, пестицидтер – 1,3 млрд. теңге, тыңайтқыштар – 3,7 млрд. теңге), мал шаруашылығына – 4,8 млрд. теңге, басқа бағыттарға – 15,6 млрд. теңге (инвестициялар тарту – 8,5 млрд. теңге, қайта өңдеу – 1,1 млрд. теңге, сыйақы мөлшерлемесі – 6,0 млрд. теңге) қарастырылды.

2025 жылғы 1 қыркүйегіне 18,8 млрд. теңге игерілді, оның ішінде өсімдік шаруашылығы саласын дамытуға – 6,1 млрд. теңге (*тұқым шаруашылығы – 1,1 млрд. теңге, пестицидтер – 1,3 млрд. теңге, тыңайтқыштар – 3,7 млрд. теңге*), мал шаруашылығына – 4,8 млрд. теңге, басқа бағыттарға – 7,9 млрд. теңге (*инвестициялар тарту – 2,1 млрд. теңге, қайта өңдеу – 1,1 млрд. теңге, сыйақы мөлшерлемесі – 4,7 млрд. теңге*).

2025 жылы 145 жұмыс орнын құрумен, 36,9 млрд. теңгеге 7 инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланған, оның ішінде ең ірілері:

1. «ALTAI MAI» ЖШС – 100 жұмыс орнын құрумен, жылына 50 мың тонна өнім қуаттылығымен май зауытын салу. Құны – 26,4 млрд теңге;
2. «AITAS AGRO ASTYK» ЖШС – 10 жұмыс орнын құрумен, 70 мың тоннаға астық қоймасын салу. Құны – 8,0 млрд. теңге;
3. «Өскемен Агропродукт» ЖШС – 10 жұмыс орнын құрумен, қуаттылығы жылына 50 мың тонна рафинацин, дезодорациялау цехын салу. Құны – 1,0 млрд. теңге.

Су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, алаңдарды одан әрі ұлғайту үшін 2024 жылы «Ертіс «ӘКК» АҚ мен «Spacetime» ЖК жеке серіктесі арасында «Su Bereke» маркасы брендімен отандық жаңбырлату қондырғыларын өндіру бойынша «Ertis bereke oskemen» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылды.

Өткен жылы 1000 гектардан астам аумақта су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша 5 жоба іске асырылды, оның ішінде Ұлан ауданында – 601,3 гектар аумақта 3 жоба (*шашырату*) және Зайсан ауданында – 467 гектарға 2 жоба (*тамшылатып суару*). Суару алаңдарында жемшөп дақылдары, күнбағыс, жүгері, көкөністер өсіріледі.

2025 жылы Ұлан және Тарбағатай аудандарында 1000 гектардан астам аумақта заманауи су үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, суармалы егіншілікті дамыту бойынша тағы 2 жоба іске асырылуда.

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын уақтылы жүргізу үшін 2024 жылы республикалық бюджеттен «Бәйтерек ҰБХ» АҚ арқылы «Кең-дала 2» бағдарламасы бойынша агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруге 3,9 млрд. теңгеге 36 шаруашылық кредиттелді. Қосымша «Кең-дала 2» бағдарламасы бойынша «Ертіс» ӘКК» АҚ арқылы 8,3 млрд. теңгеге 6 шаруашылық несиелендірілді. 2025 жылдың 1 қыркүйегіне 5,3 млрд. теңгеге 60 шаруашылық несиелендірілді.

«Ауыл аманаты» халықтың табысын арттыру бағдарламасы шеңберінде 2024 жылы 1 млрд. теңге 72 жобаға бөлінген. 2025 жылы республикалық бюджеттен 4,5 млрд. теңгеге 553 жобалар қарастырылған (*2025 жылғы 1 қыркүйегіне 1,5 млрд. теңгеге 115 жобалар берілген*). Бұл қаражат (*ауылдық жерлерде туризмді дамыту және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу*) басым бағыттарға бағытталатын болады.

Шығыс Қазақстанда 12 кәсіпорын май өндіретін салада жұмылдырылған, ағымдағы жылы техникалық режимде қуаты тәулігіне 500 тонна «Altai mai» ЖШС майлы дақылдарды қайта өңдеу зауытын тәжірибелік іске қосу жүзеге асырылды.

2024 жылы майлы дақылдар 423,3 мың тонна жиналды, өсімі 118,9% (2023 жылы – 355,9 мың тонна). Орташа өнімділік – 19,1 ц/га (2023 жылы – 16,9 ц/га).

Жұмыс істеп тұрған және жаңа кәсіпорындарды ескере отырып, май тұқымын қайта өңдеу көлемі 900 мың тоннаға жетеді, өсімдік майының экспорты 2 есеге өседі.

Облыста жылына 4 мың тонна сұйық лецитин өндіру үшін күнбағыс тұқымын терең өңдеу енгізілуде. 2025 жылдың қазан айында құрғақ ұнтақты лецитин шығару жоспарлануда, бұл майды тазартудың рентабельділігін айтарлықтай арттырады.

2024 жылы облыстың сүт өңдеу кәсіпорындарының шикізаты бойынша қуаттылығы 191,7 мың тоннаны құрады.

Сүт өндірумен 31 сүт-тауар фермасы айналысады. Сондай-ақ, облыста тұрғындардан сүт жиналады, оны 18 сүт қабылдау пункті жүзеге асырады.

АӨК ірі инвестициялық жобаларын жеңілдетілген, бюджеттік кредиттеу бағдарламасы шеңберінде Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі бойынша 2024 жылы 19 жұмыс орнын құрумен, 19,6 млрд. теңгеге 6 жобалар іске асырылды. Жобаларды іске асыру облыс бойынша сүт-тауар фермаларының сүт өндіру көлемін жылына 39,2 мың тоннаға ұлғайтуға және жергілікті сүт өңдеу кәсіпорындарының жүктемесін 60%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

2025 жылы Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі бойынша 18,8 млрд. теңгеге 9 жобаны іске асыру жоспарланған, оның ішінде жеңілдікті несие есебінен – 11 млрд. теңге.

2027 жылы Алтай ауданында 1000 басқа арналған сүт-тауар фермасының құрылысы, қуаттылығы жылына 10 мың тонна сүтті құрайтын жобаны іске асыру жоспарланған («Нивы Чапаева» ЖШС). Құны – 8,1 млрд. теңге, 155 жұмыс орны құрылады.

Туризм

Туристік саланы дамыту Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асырумен байланысты.

Халық арасында кәсіпкерлік қызмет мәдениеті, отбасылық, шағын және орта бизнесті жүргізу, оның ішінде басым туристік аумақтарда зәкірлі туристік жобаларды іске асыру есебінен дамитын болады.

Басым туристік аумақтар сапалы инженерлік-көліктік және туристік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілетін болады. Әуежайларды, теміржол вокзалдары мен автостанцияларды қоса алғанда, туристің жүру жолында жайлылық, сондай-ақ туристік объектілерге қолжетімділік қамтамасыз етіледі, жол бойындағы сервистің заманауи нысандары орнатылады.

Көлік-логистикалық инфрақұрылымның барлық негізгі объектілерінде Интернет желісіне қол жеткізе отырып, мобильді байланыс желісімен тұрақты қамту қамтамасыз етіледі, бұл туристер үшін цифрлық онлайн-сервистердің кең

желісін ұсынуға мүмкіндік береді.

Негізгі туристік дестинацияларға еліміздің барлық өңірлерінен ұшулар жолға қойылады, елдің курорттық аймақтарына апаратын бағыттар бойынша жолаушылар вагондарының саны артады.

Облыстың табиғи әлеуетін және климаттық ерекшеліктерін пайдалана отырып, туристік және спорттық инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар жалғасады. Жағажай туризмінің негізгі бағыттары Алтай ауданы мен Самар жағалауы жағынан Бұқтырма су қоймасының жағалауы бойында, Сібе көлдері, Шыбындыкөл және Окуньки тарапынан жағажай демалысын; қысқы – Риддер қаласында және «Алтай альпісінде» шаңғы туризмі, сондай-ақ аңшылық, балық аулау, тарихи және ауылдық жерлерді дамыту болып табылады.

2024 жылы 8,6% өсіммен туризмге 14,9 млрд. теңге салынды (2023 жылы – 12,4 млрд. теңге).

2025 жылдың басынан бері облыста 16 туристік нысан ашылды, соның арқасында біржолғы сыйымдылық 500 бірлікке өсіп, 21 070 төсек-орынды құрады (өсім 2,5%).

Орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемі 800 млн. теңгеге өсіп, 4,2 млрд. теңгені құрады, 2024 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 24,5%-ға өсті.

Туризм саласына инвестиция көлемі 29,3% өсіммен 13,0 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде 10,4 млрд. теңге 93,3% өсіммен тұру бойынша қызмет көрсетуге инвестицияланды.

2025 жылы Алтай қаласында 600 млн. теңгеге «Dostyk» қонақ үй-мейрамхана кешенінің құрылысы, Катонқарағай ауылындағы «Баян» қонақ үйін 567,3 млн. теңгеге қайта жаңарту аяқталды.

Сондай-ақ, Риддер қаласында мейрамханасы бар қонақ үй құрылысын аяқтау – 200 млн. теңгеге, «Ridder Resort Hotel» қонақ үйлерін қайта жаңарту – 2,5 млрд. теңгеге, «Bearlog» – 1,8 млрд. теңгеге, сондай ақ Үлкен Нарын ауданындағы «Приморск» демалыс базасын кеңейту – 400 млн. теңгеге күтілуде.

«TORRE» және «Accor New East Europe» компаниялары Катонқарағай ауданында қонақ үй индустриясының әлемдік стандарттарын сақтай отырып, «Wellness Resort» қонақ үй кешенін салуды жоспарлап отыр. Жобаның болжамды құны – 8,8 млрд. теңге, қазіргі уақытта жер бөлу мәселелері пысықталуда.

Облыста «EVENT» туризмін насихаттауға көп көңіл бөлінеді. Ағымдағы жылдың 10 наурызында Самар аймағында, Бұқтырма су қоймасы арқылы өтетін көпір ауданында 500-ге жуық үміткер мен 1000 қонақтың қатысуымен мұз астындағы балық аулауға арналған «Балықшылар фестивалі 2025» өткізілді. Ағымдағы жылдың 27 қыркүйегінде Өскемен қаласында «Халықаралық туризм күні» өткізілді. Ағымдағы жылдың 9-11 қазанында Ұлан ауданы Бозанбай ауылының маңында жыл сайынғы «Шығыс Салбұрыны 2025» бүркітші фестивалі өтті.

Құрылыс

Құрылыс саласының болжамды өсу қарқыны инфрақұрылымдық, тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылыста мемлекеттік және жеке инвестициялық жобаларды жедел іске асырумен қамтамасыз етілетін болады.

Көлік-логистикалық желіні, энергетикалық, инженерлік-коммуникациялық, су және әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі жаңғырту және дамыту жөніндегі ауқымды жобаларды жоспарлы іске асыру өсудің негізгі драйверлеріне айналады.

Өсу нүктелерін дамыту қажетті өнеркәсіптік және көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз етілетін болады, онда 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспарды және энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасын іске асыру да басты рөл атқаратын болады.

2024 жылы Мемлекет басшысының жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту жөніндегі тапсырмасы шеңберінде жалға берілетін тұрғын үй саны 2,4 есеге өсті, мұқтаж кезекте тұрғандарға 750 пәтер берілді. Оның ішінде «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы бойынша жеке құрылыс салушылары 422 жеке үйді салды, 328 пәтер (*Өскемен қ. – 198 пәтер, Глубокое – 26, Зайсан – 30, Самар – 38, Катонқарағай – 36 аудандары*) салынған. Кредиттік тұрғын үй бағыты бойынша 336 пәтер салынды. Барлығы бюджет есебінен 1086 пәтер жалға берілетін және кредиттік тұрғын үйлер.

Ағымдағы жылы 11,9 млрд. теңге жалға берілетін 539 пәтерді, оның ішінде «Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы бойынша 350 пәтерді сатып алу жоспарлануда (*ағымдағы жылы 1 қыркүйегіне 1,1 млрд. теңгеге 61 пәтер сатып алды*).

Өткен жылда 28 әлеуметтік нысандар салынды, оның ішінде салалар бойынша: білім беру – 2, денсаулық сақтау – 13, спорт – 3, мәдениет – 1 басқалары – 9.

2024 жылдан 17 әлеуметтік нысанның құрылысы жалғастыруда, оның ішінде салалар бойынша: білім беру – 1, денсаулық сақтау – 7, спорт – 7, мәдениет – 2.

2025 жылы 6 жобаны іске асыру басталды (*Күршім ауданының Күршім ауылында ангар үлгісіндегі спорт залы мен дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы, Өскемен қаласындағы Протозанов көшесіндегі облыстық аурухананың реанимация бөлімшесі ғимаратының бір бөлігін қайта жаңарту, Алтай қаласындағы Панфилов көшесіндегі «ШҚО ДБ Алтай ауданының ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК аумағында магнитті-резонанстық томографияны орналастыру үшін ғимарат құрылысы, Өскемен қаласында 300 төсектік көп бейінді аурухана құрылысы және Риддер қаласындағы 600 орындық мектептер құрылысы – жеке инвестициялар есебінен*).

Ағымдағы жылы 1 қыркүйегіне 6 әлеуметтік мақсаттағы нысан салынды, оның ішінде салалар бойынша: **білім беру – 3** (*Алтай ауданының Жаңа Бұқтырма кентінде 200 орындық мектеп, Өскемен қаласында Есенберлин даңғылында 600*

орындық мектеп, Глубокое ауданының Опытное поле ауылында 300 орындық мектеп), денсаулық сақтау – 1 (Ұлан ауданының Қасым Қайсенов кентіндегі 150 келушіге емхана), спорт – 2 (Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында орталық стадионды қайта жаңарту, Өскемен қаласында Согра кентінде шаңғы базасы).

Электр энергетикалық кешенін дамыту бірінші кезекте облыс экономикасының барлық, оның ішінде энергияны қажет ететін салаларын (металлургия және химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру) электр энергиясына қажеттілікті қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Энергетикалық қуатты дамытудың нысаналы мақсаты электр энергиясын өндіруге, жаңа электр станцияларын салуға және қолданыстағы қуаттарды қолдауға бағытталған. Энергетикалық кешеннің жоспарлы орнықты дамуы 2035 жылға дейінгі энергетикалық теңгерім шеңберінде жүргізілетін болады, оған сәйкес жаңа қуаттардың 2 есеге жуық өсуі күтіледі.

Электр энергетикасы саласының инвестициялық тартымдылығы үшін электр энергиясы нарығымен қатар электр қуаты нарығы жұмыс істей бастады, оның негізгі міндеттері энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық шығындарының өтелуін қамтамасыз ету және электр энергетикасына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Облыста 8 энергия өндіруші ұйым жұмыс істейді, олардың құрамына 10 нысан кіреді (7 гидроэлектростанция («Өскемен СЭС» ЖШС-1, «Казцинк» ЖШС БГЭК-1, «ЛК СЭС» ЖШС - 3, «Тұрғысын-1» ЖШС-1, «Зайсан СЭС» ЖШС - 1) және 3 жылу электр орталықтары («Өскемен ЖЭО» ЖШС, «Согра ЖЭО» ЖШС, «Риддер ЖЭО» АҚ).

Өңірлік электр желілік компанияның функцияларын «Біріккен Энергосервистік Компания» АҚ орындайды, оның балансында облыс бойынша: 17 947,3 км электр беру желілері, кернеуі 220/110/35/10 кВ болатын 157 қосалқы станция және 4 085 трансформаторлық қосалқы станция бар.

2024 жылдың қорытындысы бойынша генерация 7,6 млрд. кВт*сағ, пайдалы жіберу – 7,2 млрд. кВт*сағ, тұтыну кезінде 7,1 млрд. кВт*сағ құрады. Қазақстанның басқа өңірлерінен ағын 0,07 млрд. кВт*сағ құрады. Жаңартылатын энергия көздерін өндіру үлесі 3,4% немесе 257,2 млн кВт* сағ құрады.

2025 жылғы қаңтар-шілде айларына генерация 4,5 млрд. кВт*сағ, пайдалы жіберу – 4,2 млрд. кВт*сағ, тұтыну кезінде 3,9 млрд. кВт*сағ құрады. Қазақстанның басқа өңірлерінен ағын 353 млн. кВт*сағ құрады. Жаңартылатын энергия көздерін өндіру үлесі 3,4% немесе 153,7 млн.кВт* сағ құрады.

«Ауыл – Ел бесігі» жобасының аясында 2024 жылы облыста жалпы сомасы 436,4 млн. теңгеге ауылдардағы көше жарықтау бойынша 28 жоба аяқталды (Глубокое ауданының Веселовка, Кожохово, Быструха, Степное ауылдарында, Зайсан ауданының Сарытерек ауылында, Самар ауданының Аққала, Көкжота, Бастаушы және Мойылды ауылдарында, Катонқарағай ауданының Катонқарағай ауылында, Күршім ауданының Күршім, Ақши ауылдарында, Тарбағатай ауданының Тұғыл, Маңырақ, Шорға, Қабанбай, Құйған ауылдарында, Ұлан ауданының Таврия, Бозанбай, Тагын, Мамай батыр ауылдарында, Алтай ауданының Соловьево ауылында, Шемонаиха ауданының Красная Шемонаиха

ауылында). 2025 жылы 331,8 млн. теңгеге ауылдарды көше жарығы бойынша 20 жобаны іске асыру жоспарланған.

Баламалы энергетиканы дамыту жөніндегі саясат елдің энергия теңгеріміндегі ЖЭК (*шағын су электр станциялары, күн қондырғылары*) үлесін арттыруға бағытталған.

«ЖЭК пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ЖЭК-ке Тишинская, Хайрузовская, Үлбі, Тұрғысын және Зайсан гидроэлектростанциялары жатады. 2024 жылы электр энергиясын өндіру 257,2 млн.кВт*сағатты немесе облыс бойынша жалпы өндірістің 3,4% (7,64 млрд. кВт*сағ) құрады.

Бұдан басқа, 2021-2024 жылдары Энергетика министрлігі өткізген аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша облыста жалпы қуаты 93,3 МВт болатын 6 СЭС салу жоспарланған, оның ішінде:

- Катонқарағай ауданындағы 1,4 МВт СЭС (*«Еуропа Солар» ЖШС*), жобалау-ізвестіру жұмыстары жүргізілуде, пайдалануға беру мерзімі – 2030 жыл;

- Алтай ауданының Бұқтырма өзеніндегі СЭС 50 МВт (*«Тұрғысын-2» ЖШС*), жобалау-ізвестіру жұмыстары жүргізілуде, пайдалануға беру мерзімі – 2030 жыл;

- Зайсан ауданының Үйдене және Жеменей өзендеріндегі 4,5 және 2,4 МВт 2 СЭС (*«FTR-GREEN-LTD» ЖШС*), жобалау-ізвестіру жұмыстары жүргізілуде, пайдалануға беру мерзімі – 2030 жыл;

- Марқакөл ауданының Қалжыр өзеніндегі 16 және 19 МВт 2 СЭС (*«Kalzhyr river energy» ЖШС және «Калжырэнерго» ЖШС*) жобалау-ізвестіру жұмыстары жүргізілуде, пайдалануға беру мерзімі – 2030 жыл.

Қуаты 43,8 МВт Тұрғысын өзенінде Тұрғысын СЭС-2 салу жөніндегі жобаны іске асыру үшін «Тұрғысын СЭС-2» ЖШС техникалық-экономикалық негіздеме әзірледі, 2017 жылғы 6 қарашадағы мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар. Қазіргі уақытта «KOREM» АҚ аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушысы ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша құжаттарды дайындауда. Пайдалануға берудің жоспарланған мерзімі – 2030 жыл.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Тұрғысын СЭС-3 (*қуаты 90-120 МВт*), Бұқтырма СЭС каскады (*Быково, Богатырево (50 МВт), Сенное (100 МВт)*), Уба өзенінде (*80 МВт*) құрылысы бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстары жүргізілуде.

Көлік

Жаңа халықаралық логистикалық хабтарды ашу және мультимодальды тасымалдарды одан әрі дамыту, жүктерді контейнерлеу және кедендік (бондтық) қоймаларды дамыту қызметтері өсуінің және саладағы инвестицияларды игерудің жоғары қарқынын белгілейді.

Сондай-ақ, жүк тасымалдарын басқарудың цифрлық жүйелерін белсенді ендіру орта мерзімді перспективада тасымалдау көлемін ұлғайтуға елеулі үлес қосады.

Әлемдік және өңірлік саудадағы жаңа «ойын ережелеріне» бейімделу жағдайында құрлық бағыттары бойынша сауда ағындарының күтілетін қайта бағдарлануы қазақстандық трансшекаралық логистикалық инфрақұрылымның бәсекелестік артықшылықтарын күшейтеді. Халықаралық теңіз және әуе қатынастарының маршруттық желісін кеңейту арқылы экспорттық және транзиттік маршруттарды әртараптандыру да айтарлықтай әсер етеді.

Облыстың жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту бойынша жұмыстар жалғасуда.

Ағымдағы жылы «Қазаэронавигация» РМК-мен бірлесіп Катонқарағай және Зайсан аудандарында 2 жаңа әуежайдың құрылысы жүргізілуде.

Облыстың автомобиль жолдарының желісі 5,2 мың км құрайды, оның ішінде 1,2 мың км республикалық, 1,6 мың км облыстық және 2,4 мың км аудандық маңызы бар.

2025 жылы көлік инфрақұрылымын дамытуға, жергілікті маңызы бар 355 км автомобиль жолдары мен көшелерін жөндеуге 19,9 млрд. теңге қарастырылған.

Осинов асуын айналып өту үшін «Өскемен-Алтай-Рахман қайнары» автомобиль жолының қайта жаңарту жалғастыруда (56-72 км учаскесі бойынша республикалық бюджеттен 2024 жылы 7,5 млрд. теңге бағытталды, 2025 жылы 5,3 млрд. теңге қарастырылды, 72-88 км учаскесі бойынша 2024 жылы 500 млн. теңге бағытталды, 2025 жылы 6,3 млрд. теңге қарастырылды, жол жұмыстары жүргізілуде, мердігерлік ұйым – «Kurylys Group RK ЖШС» анықталды).

2025 жылдың қорытындысы бойынша нормативтік жағдайдағы облыстық және аудандық маңыздағы жолдардың үлесі 94%-ға жетеді (2024 жылы – 93%).

Өскемен қаласында Сәтпаев даңғылы (3,9 млрд. теңге) және Жеңіс даңғылы (1,8 млрд. теңге) бойынша көлік айрықтарының құрылысын жалғастыру, Күршім ауданы Күршім ауылының айналасында айналма жол салу (900,0 млн. теңге), Риддер қаласындағы Громотуха өзені арқылы өтетін автожол көпірін қайта жаңарту (348,2 млн. теңге) жалғастыруда.

Ағымдағы жылы «Майқапшағай» және «Уба» өткізу пункттерін жаңғырту жүргізілуде.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-мен бірлесіп Өскемен, Риддер, Шемонаиха, Алтай және Серебрянск қалаларында 4,5 млрд. теңгеге 5 теміржол вокзалын қайта жаңарту жүргізілуде.

Осылайша, Қытаймен шекарадағы «Майқапшағай» және Ресеймен шекарадағы «Уба» өткізу пункттерін жаңғырту, Бұқтырма көпірін салу, теміржол вокзалдарын реконструкциялау, сондай-ақ Катонқарағай мен Зайсандағы әуежайларды дамыту өңірде қуатты көліктік-логистикалық хаб құрып, экономика мен туризмнің дамуына елеулі серпін береді.

Өскемен қаласының әуежайы Астана, Алматы, Қарағанды, Зайсан, Шымкент қалаларына ішкі республикалық бағыттар бойынша рейстерді жүзеге асырады.

«S7 Airlines» авиакомпаниясы халықаралық бағыты бойынша аптасына 2 рет «Өскемен – Мәскеу» және аптасына 4 рет «Өскемен – Новосібір», «Sunday airlines» авиакомпаниясы аптасына 1 рет «Өскемен – Анталия» авиарейстерін

жүзеге асырады.

2025 жылы әлеуметтік маңызы бар авиация және теміржол қатынастарын ұйымдастыруға 692,1 млн. теңге субсидия, оның ішінде авиа – 222,1 млн. теңге, теміржол – 470 млн. теңге қарастылған.

Тасымалдаушылар мен «ONAY» автоматтандырылған төлем жүйесінің операторы арасында электрондық билеттеу жүйесін сүйемелдеуге келісімшарт жасалды.

Облыста Өскемен және Риддер қалаларында қоғамдық көлікті жаңарту жалғасуда. 2021 жылдан бастап барлығы 226 жылжымалы құрам, оның ішінде 2024 жылы – 103 бірлік (*Өскемен қаласында – 57 автобус, 26 шағын автобус*) Риддер қаласында – 20 автобус), 2025 жылы – 5 автобус (*Өскемен қаласында*) жаңартылды. 2025 жылға арналған жаңарту жоспары – 35 автобус, ағымдағы жылы 1 қазанға 19 автобус жаңартылды (*Өскемен қаласында*).

2024 жылы әлеуметтік маңызы бар қатынастарды субсидиялау 7,9 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде автомобиль тасымалдары – 7,9 млрд. теңге, теміржол тасымалдары – 450 млн. теңге, әуе тасымалдары – 187,1 млн. теңге.

Жолаушылар қатынасымен 318 елді мекен қамтылды, қамту үлесі 75% құрайды, шамамен 669 автобус тартылды.

Әлеуметтік маңызы бар қатынастарды субсидиялау жалғастырылды, 2025 жылға 157 әлеуметтік маңызы бар қатынастарды субсидиялауға 9,2 млрд. теңге қарастылған (*автомобиль тасымалдары – 8,5 млрд. теңге, теміржол тасымалдары – 470 млн. теңге, әуе тасымалдары – 222,1 млн. теңге*).

Байланыс

Ақпарат және байланыс саласында экономиканы белсенді цифрландыру, телекоммуникациялық және IT-қызметтерге сұранысты арттыру, деректерді беру мен өңдеудің озық технологияларын енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Ұсынылатын бұлтты сервистер көлемінің ұлғаюы, киберқауіпсіздіктің дамуы және электрондық платформалар сегментінің өсуі олардың сапасын жақсартуға ықпал ететін болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде азаматтар мен бизнестің ыңғайлылығы үшін цифрлық шешімдер сәтті енгізілуде.

Жасанды интеллекттің тұтас экожүйесін құру үшін технологияларды дамытуға және оларды экономиканың негізгі секторларына біріктіруге бағытталған кешенді шаралар қабылдануда.

2023 жылдың мамыр айында «Astana hub» қолдауымен өңірлік «Oskemen IT-hub» іске қосылды. Аймақтық IT-hub арқылы жас әзірлеушілер білім беру (*буллинг*), медицина (*дене мүсінін түзету*), тамақ өнеркәсібі (*штрих-кодтарды сканерлеу*) саласындағы креативті идеяларды одан әрі практикалық қолдану үшін ұсынады.

IT - саланы еркін дамыту және цифрландыру үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында IT-хаб, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық

университеті, облыстық әкімдік арасында ШҚО IT-қоғамдастығын дамытудағы өзара ынтымақтастық туралы үшжақты меморандум жасалды.

Сондай-ақ, өңірлік хабта 2024 жылы облыстың озық IT спикерлерінің қатысуымен 96 іс-шара: Pitch Day, Speaker Talks, Мастер-класс, Workshop, Open Day, NoCode, Skillday, Idea Battle, 3D Blender, BOOTCAMP, Тренинг, Хакатон, олимпиадалар, оқыту және курстар, бизнес кездесулер өткізілді. Нәтижесінде 3500-ден астам талантты IT мамандар іріктеліп, перспективалы 95 жобалар қаралды.

2024 жылы аймақтық IT-хаб «Astana Hub, IT Park Tashkent және USAID» қолдауымен She-commerce бағдарламасын іске қосты. Осы бағдарлама аясында Өскемен қаласында «TechnoWomen» коммерциялық емес ұйымы «TechnoWomen Ust-Kamenogorsk: How to make a living using AI» ауқымды тренингін өткізді.

2024 жылдың қараша айында Өскемен қаласында «IT Innovation Fest 2024» бірінші республикалық фестивалі өткізілді, облыс инновациялар орталығы екенін көрсетті.

2025 жылдың наурыз айында IT саласындағы өзара іс-қимылдың маңыздылығына байланысты өңірдің IT компанияларымен және «Astana Hub-International Tech Park (*«Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры»*)» өкілдерімен «ПИТ» АКФ қатысушылары үшін салық режимін жақсартуға және IT-экспорттауды құру және кеңейту шеңберінде ынтымақтастықты нығайтуға қатысты мәселелерді талқылау мақсатында кеңес өткізілді.

Қазақстан өңірлерінде IT-экожүйені дамытуды ынталандыру мақсатында 2025 жылғы 2 сәуірде Өскемен қаласындағы Инновациялық технологиялар паркінің ресми филиалы тіркелді.

2025 жылғы 13-14 қыркүйектен бастап Қазақстанның 20 қаласында 2500-ден астам әзірлеуші, талдаушы, дизайнер және энтузиастардың қатысуымен Қазақстанның ең ірі офлайн-хакатоны «**Decentrathon 4.0**» өтті. Қатысушылар «BCC Hub, inDrive и Solana» сияқты серіктестер ұсынған жасанды интеллект және «Web3» жағдайларында жұмыс істеді. Жүлде қоры 15 млн. теңгені құрады, үздік командалар «Digital Bridge 2025» жобаларын ұсынды. Хакатон аймақтық IT-қоғамдастығын дамыту, тәжірибе алмасу және инновациялық шешімдерді қалыптастыру үшін маңызды платформаға айналды.

Бесінші буын желілерін дамыту, кең жолақты инфрақұрылымды жаңғырту және ауылдық және шалғай аудандарда қамтуды кеңейту маңызды рөл атқарады.

Байланыс пен интернеттің сапасын қамтамасыз ету және жақсарту жөніндегі одан әрі жұмыс «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде жалғасады.

2025 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 16 елді мекенде (*бұдан әрі – ЕМ*) халық интернетке қол жеткізумен қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта қосылған ЕМ жалпы саны 357 ЕМ-ның 234-ін құрады, оның ішінде 6 қала мен 226 ауыл, облыс халқының 97,1%-ы қамтылды (*706 мың адам*).

2025 жылдың соңына дейін 57 ЕМ интернет-байланыспен қамтамасыз ету жоспарлануда, бұл 291 ЕМ құрайды.

«Қазақтелеком» АҚ ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы шеңберінде «Ауылдық елді мекендердің Интернет желісіне жоғары жылдамдықпен қол жеткізуді қамтамасыз ету» инвестициялық жобасын іске асыруда, оның ішінде Шығыс Қазақстан аумағында 188 әлеуметтік маңызы бар объектілерді қосу көзделген.

Жоба шеңберінде 52 АЕМ үшін ВОЛС технологиясы бойынша «соңғы миль» желілерінің құрылысы, спутниктік байланыс арқылы 30 ЕМ қосу, 5G дамыту іске асырылуда: *(Өскемен қаласында 32 базалық станция орнатылған)* ағымдағы жылдың соңына дейін олардың санын 62 станцияға дейін ұлғайту, «Кар-Тел» және «Freedom» компанияларымен бірлесіп «ақ дақтарды «жабу үшін» қос мақсаттағы тіректерді орнату жоспарлануда.

Интернет желісіне мобильді кең жолақты қолжетімділікпен қамту үшін облыстың республикалық маңызы бар жолдары бойында *(ТОБЖ жүргізу, ДҚА және трансмиссия орнату, электр энергиясын жеткізу)* 22 АМҚ құрылысы бойынша жұмыс жүргізіледі.

2024 жылы 1,4 млрд. теңге сомасына бюджет есебінен 16 елді мекенге арналған 14 АМҚ орнатылды.

- 3 АМҚ қосылды *(Катонқарағай ауданы Топқайың ауылы, Глубокое ауданы Зимовье ауылы, Ұлан ауданы Жоғарғы Тайнты ауылы).*

- 5 ДҚА қосылу сатысында, қосымша жұмыстар жүргізілуде.

Қалған 66 аз қоныстанған және жету қиын ауылдарды қосу 2027 жылдың соңына дейін жеке пысықталатын болады.

Бүгінгі таңда «Starlink» спутниктік терминалдары жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету үшін 170 жалпы білім беретін мектептерде іске қосылды.

Сауда

Сауда саласын дамытудың мақсаты нарықты сапалы өніммен қанықтыруды және экспорттық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін заманауи сауда жүйесін құру және дамыту болып табылады.

Инвестициялық және сыртқы сауда операцияларын ұлғайту, көтерме және бөлшек сауда желісін кеңейту, импорттық-экспорттық ағындарды әртараптандыру және цифрлық сату арналарын белсенді енгізу елеулі үлес қосады.

Проактивті сауда саясатымен және сынақ және сертификаттау инфрақұрылымын дамытумен сүйемелденетін қазіргі заманғы трансшекаралық көлік-транзиттік желіні қалыптастыру биржалық және көтерме сауданың халықаралық жүйесіне интеграциялауды тереңдетуге ықпал ететін болады.

Осы процестердің арқасында сауда саласы сауда ағындарын қайта бағдарлау процестерінде негізгі рөл атқарады және тауарларға өсіп келе жатқан өңірлік және ішкі сұранысты қанағаттандыруға айтарлықтай әсер етеді.

Өңірлік даму

Өңірлердің дамуына және ірі қалаларға қысымның төмендеуіне «Агломерацияларды дамыту туралы» қабылданған Заң қосымша серпін береді.

Өңірлік саясат ауылдық аумақтарды дамыту тәсілдерінің тиімділігін арттыруға, өмір сүру сапасын жақсартуға және ауылдық жерлерде жайлы өмір сүру ортасын құруға бағытталған.

Осы мақсаттарда Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде АӨК, ауыл шаруашылығы кооперациясын, ауылдық кәсіпкерлікті дамыту арқылы ауыл халқының табысын арттыру, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту есебінен базалық көрсетілетін қызметтердегі диспропорцияларды қысқарту, сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамытуды институционалдық қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылатын болады.

«Ауыл аманаты» және «Ауыл – Ел бесігі» жобаларын іске асыру, жеке қосалқы шаруашылық микрокредиттеу, сервистік-өткізу кооперативтерін қалыптастыру, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымдарын дамыту бойынша жалғасуда.

Алтай, Серебрянск, Риддер моноқалаларын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарлары іске асырылуда.

2029 жылға қарай облыста экономиканың 2 есе өсуін қамтамасыз ету мақсатында өсу нүктелерін *(бәсекелестік артықшылықтар, экономикалық мамандандыру, импортты алмастыру)* ескере отырып, әрбір өңір бөлінісінде 2024-2028 жылдарға арналған даму жоспарлары әзірленді және бекітілді.

Мемлекеттік басқару жүйесі

Мемлекеттік қызметті дамытудың бұдан кейінгі векторы мемлекеттік органдардың құрылымын оңтайландыруға бағытталған, оның шеңберінде қайталанатындары мен артықтарын жою мақсатында орталық және жергілікті органдардың функциялары мен өкілеттіктері қайта қаралады; қызметтің нәтижелілігін бағалауға (KPI); жария есеп беру тетігін және азаматтармен цифрлық кері байланысты енгізу *(e-Otinish, Ashyq, Open Budget платформалары және т.б.)* арқылы ашық үкіметті дамытуға; «сервистік» моделге көшуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасы шеңберінде 2030 жылға дейін мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз оқыту жүйесін енгізу; «Assessment-center» құру, «келісімшарттық» қызметшілер институтын енгізу; мемлекеттік секторға таланттарды іздеу және тарту; мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі және мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін бағалау және тағы басқа бойынша жобаларды іске асыру жалғасуда.

2.1.4. Бизнес-климатты және инвестициялық тартымдылықты жақсарту

Кәсіпкерлікті дамыту ұлттық экономиканың тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады.

Еңбек өнімділігін арттыру үшін субсидиялар мен бизнесті қолдау бағдарламалары арқылы кәсіпорындарды жаңғырту бойынша қадамдар жасалады, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі күшейтіледі, ҒЗТҚЖ-ны қолдау кеңейтіліп, технологиялық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау құралдары енгізіледі.

Мемлекет бюджеттен тыс қаражатты тарту үшін МЖӘ тетіктерін белсенді пайдаланады. МЖӘ туралы заңнамаға «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» және «Концессиялар туралы» заңдарды біріктіру бойынша түзетулер қабылданды.

Кәсіпкерліктің барынша еркіндігін қалыптастыру үшін бизнес үшін жаңа жинақы және түсінікті ережелермен ауыстырылатын өзекті емес және негізсіз реттеуші талаптарды ауқымды қысқарту жалғастырылады, «таза парақтан» толыққанды реттеу енгізіледі.

Реттеушілік талаптарды қоса алғанда, мемлекеттің бизнеспен өзара іс-қимылының барлық рәсімдері әртүрлі мемлекеттік деректер базаларында, ұйымдардың деректер базаларында, сондай-ақ басқа да көздерде бар әрбір бизнес бойынша ақпаратты қамтитын Бизнесің цифрлық картасын жасау арқылы цифрландырылатын болады.

Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жаңа құрылымы «лифт»қағидаты бойынша нақты ШОБ субъектісінің даму кезеңіне байланысты мемлекеттік қолдаудың сараланған шараларын білдіреді.

Кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу және ынталандыру шаралары бизнесті дамытудың барлық кезеңдерінде оның үздіксіз дамуын қамтамасыз етуге бағытталатын болады, бұл кейіннен шағын бизнестің едәуір бөлігінің орта және орта санатқа ірі бизнеске көшуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау құралдарына қол жеткізу ашық, объективті рейтингтер мен критерийлер негізінде цифрлық шешімдерді пайдалану арқылы берілетін болады. Бұл транзакциялық шығындарды айтарлықтай төмендетеді, шешім қабылдаудың ашықтығын арттырады және әкімшілік кедергілерді азайтады.

Өсуге әлеуеті бар шағын және орта бизнес, олардың технологиялылығы, өнімділігі және экспортқа бағдарлануы басымдыққа ие болады.

Қазақстан Республикасының 2026 жылға дейінгі инвестициялық саясатының тұжырымдамасы жаңа **инвестициялық циклды** қалыптастыруға және жаңа трендтерді ескере отырып, инвестициялар тарту саясатын қайта қарауға мүмкіндік береді.

Инвестициялық экожүйені одан әрі дамыту мақсатында құқықтық режимді жетілдіру, сот төрелігіне сенімділікті және ақпаратқа қол жеткізуді жақсарту, ведомствоаралық үйлестіруді нығайту, сондай-ақ жобалар мен өндірушілерді ілгерілетудің цифрлық құралдарын жасау арқылы инвесторлар

үшін институционалдық орта мен инфрақұрылым жетілдірілетін болады.

Өңірдің инвестициялық жобалар пулына өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда, энергетика және туризм сияқты салаларды қамтитын 875,5 миллиард теңге сомасына барлығы 52 жоба енгізілген. Бұл жобалар 4,7 мыңнан астам жұмыс орнын құруға ықпал етеді және экономикалық өсудің қуатты нүктелеріне айналады.

Ағымдағы жылы **758** жұмыс орнын құра отырып, **104,0** млрд. теңгеге **11** инвестициялық жобаны пайдалануға беру жоспарланған, олардың ішінде ірілері:

1. Өскемен қаласы «Востокмашзавод» АҚ – «Құю өндірісін жаңғырту (өндіріс: бүйір жақтау, арбалар, арқалықтар, үдеткіш)». Құны – 33,8 млрд. теңге. Жұмыс орны – 60;

2. Өскемен қаласы «Сакота Корпорейшн» ЖШС – «Екі қабатты сауда – ойын-сауық орталығы мен «Maxi Mall» әкімшілік кешенінің құрылысы». Құны – 11,0 млрд. теңге. Жұмыс орны – 10;

3. Глубокое ауданы «Altyn Shyghys» ЖШС – «Жылына 300 мың тонна май өндіру (2-кезең)». Құны – 8,0 млрд. теңге. Жұмыс орны – 10;

Тарбағатай ауданында (Қызылқайың кен орнында қуаттылығы жылына 25 млн. тоннаға дейін кен өндіретін мыс өндіру және өңдеу, оның өнімі Ресей мен ҚХР-ға экспортталатын болады. Инвестиция көлемі – 216,6 млрд. теңге, пайдалануға беру – 2032 жыл) және **Ұлан ауданында** («Ахметкино, Бакенное, Верхне-Баймурзинское, Медведка. Проектный» кен орнында «литий өндіру және қайта өңдеу бойынша тау-кен байыту комбинатының құрылысы», сподумен концентраты өндірісінің көлемі жылына 25 мың тонна, литий карбонаты жылына 4 мың тонна. Инвестиция көлемі – 235 млрд. теңге, пайдалануға беру – 2026 жыл) **2 ірі жобаны – тау-кен байыту комбинатының құрылыстарын іске асыру жоспарланған.**

Инвестициялық саясаттың ажырамас бөлігі Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен ынтымақтастық және мемлекеттік-жекешелік әріптестік болып қалады.

Ағымдағы жылдың 26 қыркүйегінде Өскемен қаласында «Altai Invest-2025» халықаралық форумы өтті, форум аясында өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, энергетика және туризм салаларындағы инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды. Форумға қатысушылармен пленарлық отырыстар, панельдік сессиялар өткізілді: өкілетті елшілер (ҚХР, Түркия Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Армения Республикасы, Ресей Федерациясы) және халықаралық қаржы институттарының өкілдері.

Форум қорытындысы бойынша Шығыс Қазақстан облысының аумағында бірлескен бизнес-идеяларды құру бойынша 739,6 млрд. теңгеге 41 меморандумға қол қойылды (ірі жобаларды іске асыру жоспарлануда: «Уба өзенінде жиынтық қуаты 200 МВт (150,5 МВт) 2 ГЭС құрылысы», құны – 200,0 млрд. теңге және «Қытай-Қазақстан жоғары стандартты ауыл шаруашылығы алқаптары жобасы», құны – 107,9 млрд. теңге).

2.1.5. Адами капиталдың сапасын жақсарту

Адами капиталдың сапасы халықтың лайықты табысын қамтамасыз ету, білім беру жүйесін кешенді дамыту, ұлт денсаулығын қамтамасыз ету, бұқаралық спортты дамыту, елдің мәдени мұрасын сақтау және дамыту арқылы арттырылатын болады.

Білім беру жүйесінде білім берудің барлық деңгейлерінде (*мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік*) білім беру бағдарламаларын жетілдіру, ауыл мектептерін жаңғырту, мектептерді пәндік кабинеттермен жарақтандыру, жастарды тегін ТЖКБ-мен қамтуды ұлғайту, кәсіпорындардың өтінімдері бойынша кадрлар даярлау, сондай-ақ білім беру сапасын бағалау жүйесін трансформациялау жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Бұдан басқа, жоғары кәсіби педагогтердің республикалық базасын құра отырып, педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуы қамтамасыз етіледі, білім беру басқарушыларының кадрлық резерві қалыптастырылады.

Елдің кеңістіктік дамуының басымдықтарын ескере отырып, ауылдық елді мекендерде сапалы білім алуға қолжетімділік, сондай-ақ «білім экономикасына» көшу қамтамасыз етілетін болады. Білім беру жүйесі техникалық, технологиялық және ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша бәсекеге қабілетті білікті кадрларды даярлау жөніндегі еңбек нарығының қажеттіліктеріне толық бағдарланатын болады.

Мемлекеттік және жекеменшік балабақшалар, шағын орталықтар салу және ашу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін дамыту, кезекке қою қызметтерін автоматтандыру және бақтарға жолдама алу арқылы демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдар желісін кеңейту жалғастырылады.

Балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуды ұлғайту мақсатында 2026 жылға дейін 1739 жаңа орын ашу жоспарлануда (*2025 жылы – 1499 орын, 2026 жылы – 240 орын*). 2025 жылы жоспарланған 1499 жаңа орыннан жылдың басынан 479 орын құрылды: 4 жеке меншік балабақша кеңейтілді, 290 орын (*Өскемен қ. – 190 орын, Зайсан ауданы – 100 орын*), жұмыс істеп тұрған 7 балабақшаны кеңейту есебінен, 189 орын (*Өскемен қ. – 129 орын, Глубокий ауданының -10 орын, Зайсан ауданының – 25 орын, Тарбағатай ауданының – 10 орын, Ұлан ауданының – 15 орын*).

Көптілді білім беруді дамыту жөніндегі өңірлік кешенді жоспар шеңберінде неміс және француз тілдерін қоса алғанда, тілдік пәндерді, ағылшын тіліндегі жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту әдістемелері, оқушылардың білім сапасын арттыру жетілдірілуде.

Ағымдағы жылы 3,5 мыңнан астам педагогты оқыту жоспарланған, оның ішінде 300 мұғалім (*орыс тілінде оқытатын мектептерде 100 қазақ тілі мұғалімі, қазақ тілінде оқытатын мектептерде 100 орыс тілі және 100 ағылшын тілі мұғалімі*) тілдік курстардан өтті.

«Қонақ отбасы» жобасы бойынша 2024 жылы Өскемен, Риддер қалаларынан, Глубокое, Шемонаиха және Алтай аудандарынан 100 бала

Катонқарағай ауданының отбасыларында тұрып, қазақ тіліндегі білімдерін жетілдірді, ал Зайсан және Тарбағатай аудандарынан 20 бала орыс тілінде – Глубокое ауданы мен Риддер қаласының отбасыларында жетілдірілді.

Ағымдағы жылы «**Қонақ отбасы**» жобасы 3 маусымы аяқталды, Катонқарағай, Шемонаиха және Үлкен Нарын аудандарында ол жүзеге асырылды. Жобаға 140 бала мен 49 отбасы қатысты.

Облыстың техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 2024-2025 оқу жылына өңірдің 448 кәсіпорнымен тағылымдамадан өтумен және одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндігімен 5047-ден астам студентті қамти отырып, дуальды оқыту туралы шарттар жасалды.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 101 мамандық бойынша кадрлар даярлауды жүргізетін 37 колледж (22 – *мемлекеттік*, 15 – *жекеменшік*) жұмыс істейді. Колледждерде 20 273 студент оқиды, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс есебінен 17265 студенттер немесе 85%.

2024-2025 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік облыс колледждерінде техникалық және тапсырыс көлемі 7%-ға ұлғайтылып, 7130 орынды құрады (2023-2024 жылдарға – 6 630 орын).

Мектеп түлектерінің шетелдік жоғары оқу орындарына кетуін азайту үшін 2017 жылдан бастап «Білікті маман» жобасы табысты іске асырылуда, оның шеңберінде жыл сайын облыстың жоғары оқу орындарында оқу үшін мемлекеттік білім беру гранттары орналастырылады.

Гранттар білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инженерия, құрылыс, ветеринария және ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша жоғары білімі бар мамандарды даярлауға бағытталған.

2025-2026 оқу жылына жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыс көлемі 270 грантты құрады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде мектеп түлектерінің шетелдік жоғары оқу орындарына кетуі 2017 жылғы 1800 адамнан 2025 жылы 252 адамға дейін төмендеді.

Мектеп түлектерінің шетелдік жоғары оқу орындарына кетуін азайту үшін «Білікті маман» жобасы бойынша жыл сайын облыстың жоғары оқу орындарында оқу үшін мемлекеттік білім беру гранттары орналастырылады (*білім беру, медицина, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, инженерия, құрылыс, ветеринария және ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша*).

Облыста «Жас маман» жобасы табысты іске асырылуда, «WorldSkills» халықаралық стандарттарына сәйкес заманауи жабдықтармен және техникамен жарақтандырылған 5 құзыреттілік орталығы жұмыс істейді, онда басқа колледж студенттерін практикалық оқыту, қатысушыларды ұлттық және халықаралық чемпионаттарға дайындау бойынша жаттығу жиындары, кәсіптік бағдарлау іс-шаралары, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері үшін біліктілікті арттыру курстары өткізіледі.

Облыста жыл сайын инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мектептер саны артып келеді. Қазіргі уақытта облыстың 319 мектебінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалған (93,0%).

Инклюзивті біліммен 6 742 бала қамтылды (*мұқтаждардың 100%*), оның ішінде 819 бала балабақшада (*85 балабақша*), 5 812 оқушы мектептерде (*313 мектеп*), 289 студенттер колледждерде (*32 колледж*), оның ішінде 111-і 3 колледждің арнайы топтарында (*мамандықтары бойынша: тігінші, шаштараз, техник-бағдарламашы, компьютер операторы, ағаш ұстасы, суретші-сылақшы, тас қалаушы, ағаш және жиһаз өндірісінің шебері*).

Білім беру сапасын арттыру мақсатында облыстың барлық 347 мектебінде мектептердің оқушылары мен педагогтері үшін ІТ құзыреттері бойынша: 3D модельдеу, бағдарламалау және робототехника бойынша халықаралық стандарт бойынша тереңдетілген ІТ бағдарламасы енгізілуде.

Облыстың 347 мектебінен робототехника бойынша оқушылардың инженерлік құзыреттілігі саласында қосымша білім берудің қолжетімді және сапалы ортасын құру мақсатында 20 мектепте «Болашақ инженерлер 1-2». жобасы іске асырылуда.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында ағымдағы жылдың тамыз айында 900 орындық 2 мектеп құрылысы аяқталды (*жалпы құны – 10,6 млрд. теңге*), оның ішінде Өскемен қаласындағы Есенберлин данғылында 600 орындық мектеп (*жалпы құны – 5,8 млрд. теңге*) және Глубокое ауданының Опытное поле ауылында 300 орындық мектеп (*жалпы құны – 4,8 млрд. теңге*).

Ағымдағы жылдың наурыз айында Алтай ауданының Жаңа Бұқтырма кентінде 200 орындық мектеп пайдалануға берілді (*жобаның жалпы құны – 2,0 млрд. теңге*).

Оффтейк-келісімшарттар бойынша Зайсан ауданының Үлкен Қаратал ауылында 150 орындық мектеп құрылысы жалғасуда, жалпы құны – 1,3 млрд. теңге (*аяқталуы 2025 жылғы 4 тоқсанында жоспарланған*), тағы 6 мектептің (450 орындық) құрылысы басталды, жалпы құны – 5,0 млрд. теңге (*Самар ауданының Самар ауылында (150 орын), Зайсан ауданының Саржыра ауылында (50 орын), Күршім ауданының Қыстау ауылында (50 орын), Марқакөл ауданының Төсқайың ауылында (100 орын) және Қайнарлы ауылында (50 орын), Тарбағатай ауданының Сарыөлең ауылында (50 орын) құрылысты аяқтау 2026 жылы жоспарланған*).

Ағымдағы жылдың шілде айында жалпы құны 1,1 млрд теңгені құрайтын 100 орындық 2 мектептің құрылысы аяқталды (*Күршім ауданының Бірлік ауылында (50 орын), Марқакөл ауданының Игілік ауылында (50 орын)*).

Әлеуметтік-әріптестік ынтымақтастық шеңберінде 2023 жылғы 27 желтоқсандағы ынтымақтастық және өзара іс-қимыл ниеттері туралы меморандум бойынша Риддер қаласында «Казцинк» ЖШС меншікті қаражаты есебінен 600 орындық мектеп құрылысы жалғасуда (*жалпы құны – 5,0 млрд. теңге*), жобаның аяқталу мерзімі – 2025 жылғы 4 тоқсан.

Колледждерде тегін оқуға мемлекеттік тапсырыс жыл сайын артып келеді. Сондай-ақ өңірлік жоғары оқу орындарына түсу үшін жергілікті бюджеттен өңір кадрларына қажеттілікті ескере отырып, білім беру гранттары бөлінеді.

Жаңа 2025-2026 оқу жылында мемлекеттік тапсырыстың жалпы көлемінен 7 130 орын, нысаналы мемлекеттік тапсырыс бойынша 980 орын бөлінді (2024 ж. – 940 орын). 135 жұмыс берушінің өтінімдері бойынша 20 колледж базасында техникалық, технологиялық және ауыл шаруашылығы бағыттары бойынша 2 675 студент оқиды. 2025 жылы 306 адам босатылып, 271 адам жұмысқа орналастырылды (88%).

Кадрларды даярлау 976 әлеуметтік әріптестермен тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Оның ішінде 448 кәсіпорын дуальды оқытуға жұмылдырылды, ол 5 мыңнан астам студентті қамти отырып, 46 мамандық бойынша 27 колледжде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, жыл сайын облыс кәсіпорындарында колледж студенттерінің өндірістік практикасынан өту бойынша бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі, 2025 жылы 113 жұмыс беруші мен 2 500 студенттің қатысуымен «Шығыс маманы» бос орындар жәрмеңкесі өткізілді.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды қолдау да басымдықта қалып отыр. 19 мың оқушы мектеп формасымен және аяқ киіммен қамтамасыз етілген. 4,7 мыңнан астам бала балабақшаға тегін барады.

Көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды қолдау да басымдықта қалады. 19 мыңнан астам оқушы тегін тамақ, мектеп формасы, қысқы аяқ киім қамтамасыз етілген. 4,7 мыңнан астам бала балабақшаға тегін барады.

Дарынды балаларды қолдау үшін жағдай жасалуда. 2022-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша халықаралық және республикалық ғылыми жобалардың 156 жеңімпазына 9,9 млн. теңгеге ақшалай сертификаттар табысталды.

Денсаулық сақтау саласындағы саясат сапалы, қолжетімді медициналық көмек көрсетуге бағытталатын болады.

Салауатты өмір салтының жаңа қағидаттарын ілгерілету үшін Е-СӨС электрондық платформасын құру негізінде халықтың денсаулық мәселелері бойынша сауаттылығын арттыруға және салауатты әдеттерді қалыптастыруға ерекше назар аударылатын болады.

Халықтың, ең алдымен жастардың репродуктивті денсаулығын жақсарту үшін отбасын жоспарлау, халықтың психикалық денсаулығын нығайту жөнінде, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасында жастар денсаулық орталықтарының жұмысын жандандыру арқылы шаралар қабылданатын болады.

Шалғайдағы және қол жетпейтін жерлердің халқы санитариялық авиация арқылы мамандандырылған медициналық қызметтермен, диагностикалық қызметтердің кең бейіні бар жылжымалы медициналық кешендердің және бөлшек дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған жылжымалы дәріхана пункттерінің қызметтерімен қамтамасыз етілетін болады.

Медициналық кадрларды даярлау сапасын арттыру үшін халықаралық стандарттар мен орта медицина қызметкерлерін даярлау моделі негізінде міндетті резидентурасы бар жоғары медициналық білімнің интеграцияланған моделін дамыту жалғастырылады.

Ауылдық денсаулық сақтаудағы медицина кадрларының тапшылығын төмендету үшін жас мамандарды әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету және сұранысқа ие медициналық мамандықтар бойынша мамандар даярлауға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Сондай-ақ, денсаулық сақтау ұйымдарында мамандандырылған медициналық көмектің әлеуетін арттыруға, қан айналымы жүйесінің аурулары кезінде уақтылы және қолжетімді медициналық көмек көрсетуге, әртүрлі өңірлердегі халыққа онкологиялық көмек көрсету сапасын арттыруға, балалар стационарлары мен босандыру ұйымдарының инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын жақсартуға баса назар аударылатын болады.

Көпсалалы онкология және хирургия орталығының базасында 20 медициналық мекеменің 34 корпусында *(оның ішінде 8 – қалалық, 12 – аудандық)* жергілікті желі орнатыла отырып, «медициналық ақпаратты сақтау және өңдеу орталығы» – PACS орталықтандырылған жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе мамандардың пациентті жүргізілген жеріне қарамастан диагностикалық тексеру нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ облыстың кез келген нүктесінде маман консультацияларын және науқас бойынша ақпарат алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Облыста денсаулық сақтау инфрақұрылымы дамуда.

Өскеменде гематология орталығының, Риддер қаласында емханасы мен стационары бар көпбейінді аурухана кешенінің, Ұлан ауданында аудандық емхананың құрылысын, 2 дәрігерлік амбулаторияны *(Өскемен қаласының Ахмирово кентінде, Зайсан ауданының Қаратал ауылында)*, сондай-ақ Шығыс Қазақстан көпсалалы «Онкология және хирургия орталығы» ШЖҚ КМК хирургиялық корпусының 1-3 қабатының бөлімшелерін жаңғырту, стационар ғимаратын «Ана мен бала орталығы» ШЖҚ КМК перзентханасына қайта жаңарту, қайта жоспарлау және қайта жабдықтау құрылысы жалғасуда.

2025 жылы Өскемен қаласындағы Протозанов көшесіндегі облыстық аурухананың реанимация бөлімшесі ғимаратының бір бөлігін салу, Алтай қаласындағы Панфилов көшесіндегі «ШҚО ДСБ Алтай ауданының ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК аумағында магнитті-резонанстық томографияны орналастыру үшін ғимарат салу, Өскемен қаласында 300 төсектік көп бейінді аурухана салу басталды.

Ағымдағы жылдың шілде айында Ұлан ауданының Қасым Қайсенов кентіндегі емхана пайдалануға берілді *(жобаның жалпы құны – 3,7 млрд. теңге)*.

2023 жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде «Алтай ауданының ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК 976 бірлікпен 1,3 млрд. теңгеге жарақтандырылды, 2024 жылы ауданаралық аурухана ғимаратының травматология, хирургия, кардиология, анестезиология және реанимация бөлімшелеріне 662,9 млн. теңге күрделі жөндеуге бөлінді. 2024 жылы желтоқсанында нысан пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы іске асыру шеңберінде облыста жоспарланған 36 медициналық нысанның 35-сі салынған *(Шемонаиха ауданының Волчанка ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның аяқталу 2025 жылы, жобаның жалпы құны – 419,4 млн. теңге)*.

Ағымдағы жылы 2,4 млрд. теңгеге 10 медициналық нысанға күрделі жөндеу жүргізілді, 71 бірлік жабдық сатып алынды, нәтижесінде медициналық мекемелердің жарақтандырылуы 88%-ға жетті.

Денсаулық сақтаудың даму қарқыны медицина қызметкерлерінің сапалы кәсіби өсуін талап етеді.

2017 жылдан бастап жалпы облыстың шетелдегі 286 маманы, оның ішінде өткен жылы гематология, нейрохирургия, кардиология, ана мен бала мәселелері бойынша 44 маман өз біліктілігін арттырды.

2025 жылы медициналық кадрларды оқыту мен біліктілігін арттырудың үш деңгейлі бағдарламасын іске асыру шеңберінде Түркия, Израиль, Беларусь, Қытай, Үндістан, Германия және Ресей Федерациясының клиникаларында 420,1 млн. теңгеге 72 маман оқытылды.

Облыстың алты медициналық ұйымдары жоғары технологиялық қызметтердің 33 түрін көрсетеді.

Қабылданған шаралардың нәтижесі халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуі және өлім-жітімнің төмендеуі болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласы жаңа шындыққа бейімделіп, елдің әлеуметтік кодексімен реттелетін болады.

Экономиканың нақты секторында жұмыс орындарын құруға, ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға, халықтың табысын арттыруға және бизнестің мемлекет алдындағы қарсы міндеттемелерін орындау арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған халықтың табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыру жалғастырылатын болады.

Мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер бойынша дербестендірілген отбасының цифрлық картасы және әлеуметтік әмиян енгізілетін болады, олар проактивті форматта белгіленген әлеуметтік мемлекеттік кепілдіктер беру арқылы отбасылардың әлеуметтік тәуекелдерінің алдын алу жүйесінің негізіне айналады.

Еңбек нарығында талап етілетін кәсіби дағдылар мен біліктіліктерді алу, кәсіпкерлікті дамыту және өз ісін ашу үшін жағдайлар жасау үшін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын іске асыру жалғастырылатын болады.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі жұмыспен қамтылған азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге және мемлекет, жұмыс беруші мен қызметкер арасында жауапкершілікті тепе-тең негізде бөлуге бағытталатын болады. Ол үшін еліміздің барлық азаматтарын қамту үшін зейнетақымен қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне параметрлік өзгерістер енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша облыста субсидияланатын жұмыс орындарына 9436 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде жаңадан құрылған жұмыс орындарына 7082 адам (*әлеуметтік жұмыс орындарына – 408, жастар практикасына – 555, қоғамдық жұмыстарға – 4 433, жобаларға – жұмыс орны – 377, күміс жас – 1 303, ұрпақтар келісімшарты – 6*), 2 354 адам 2023 жылдан бастап өтпелі контингент.

2025 жылдың 1 қыркүйегіне жағдай бойынша белсенді жұмысқа

орналастыру шаралары аясында субсидияланатын жұмыс орындарына 4 530 адам жұмысқа орналастырылды (әлеуметтік жұмыс орындарына – 308, жастар практикасына – 429, қоғамдық жұмыстарға – 2 550, «бірінші жұмыс орындар» жобасы – 144, «күміс жас» жобасы – 1 099).

2024 жылы өңірлік жұмыспен қамту картасы аясында нақты секторда жаңа өндірістерді ашу, шағын бизнесті дамыту және жаңа әлеуметтік нысандарды іске қосу есебінен 32,4 мың жұмыс орны құрылды, (21,4 мың тұрақты, 11 мың уақытша). Ағымдағы жылы 28 631 жұмыс орны (оның ішінде тұрақты – 19 447, уақытша – 9 184) құрылу жоспарлануда, оның ішінде ағымдағы жылғы 1 қыркүйегіне 17 429 жұмыс орны (тұрақты – 11 792, уақытша – 5 637) құрылды.

2024 жылы қысқа мерзімді оқытуға 876 адам жіберілді, оқуды аяқтағандардың 606-сы тұрақты жұмыс орнына орналастырылды, 2025 жылы 850 адамды бағыттау жоспарлануда (ағымдағы жылы 1 қыркүйегіне 254 адамдар қысқа мерзімді оқытудан өтеді).

2024 жылы «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 910 адам оқытылды, ағымдағы жылы 1 қыркүйегіне 1067 адам оқуға кірісті, оның ішінде 691 адам оқытылды.

2024 жылы «Skills.enbek.kz» платформасында сұранысқа ие дағдылар мен біліктіліктерді онлайн оқытудан 1 992 адам өтті, 1 772 сертификат берілді, ағымдағы жылы 1 қыркүйегіне 1 598 адам оқуға кірісті, оның ішінде 1 451 адам оқытылды.

2024 жылы азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына 319 млн. теңгеге 216 грант берілді (оның ішінде: көп балалы – 109, мүгедек – 38, мүгедек-балаларды тәрбиелеп отырған – 25, асыраушысынан айырылған – 22, АӘК алушылар – 6, қоныс аударушылар – 11, қандастар – 5, оның ішінде жастарға 71 грант берілді). 2025 жылға 400 млн. теңгеге 268 грант (400 АЕК, 1 572 800 теңге мөлшерінде) беру жоспарланған. 2025 жылға азаматтардың әлеуметтік осал санаттарына 400 млн. теңгеге 251 грант (400 АЕК, 1 572 800 теңге мөлшерінде) беру жоспарланған, оның ішінде ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 163,2 млн. теңгеге 106 грант берілді (65 көпбалалы отбасы, 18 мүгедек адам, 13 мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасы, 5 асыраушысынан айырылу бойынша, 3 АӘК алушы, 2 қоныс аударушы).

Ұлттық жобалар шеңберінде 1 813 жұмыс орнын (оның ішінде тұрақты – 436, уақытша – 1 377), оның ішінде 2025 жылғы 1 қыркүйегіне – 1 263 орын құрылды (оның ішінде тұрақты – 156, уақытша – 1 107), әрбір 10 мың еңбекке қабілетті халыққа 100 жаңа жұмыс орны бойынша – 8 379 тұрақты жұмыс орнын құру жоспарлануда (2025 жылғы 1 қыркүйегіне – 6 715 орын құрылды).

Облыс бойынша белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қызметі аясында қол жетімді нысандар санын көбейту жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі уақытта зейнеткерлік жастағы 3923 адам 175 нысанда орналасқан 292 түрлі секцияға (шахмат, тоғыз құмалақ, скандинавиялық серуендеу, хор үйірмелері) барады (239 нұсқаушы жұмыс істейді).

Ағымдағы жылдың наурыз айында Өскемен қаласында егде жастағы адамдардың бос уақытын ұйымдастыру үшін белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылды.

Жаңа мәдени ортаны қалыптастыру жөніндегі міндеттерді іске асыруды 360 мәдени ұйымның желісі жүзеге асырады, оның ішінде 170 клубтық мекеме, 170 кітапхана, 6 мұражай, театр, концерттік ұйым және басқалары.

2024 жылы Ұлан ауданы Қасым Қайсенов кентінде Мәдениет және демалыс орталығы салынды (706,3 млн. теңге), 2024 жылдан бастап 2,7 млрд. теңгеге 2 нысанның құрылысы жалғасуда (Глубокое ауданының Белоусовка кентіндегі 150 орындық мәдениет үйі – 1069,9 млн. теңге, Алтай ауданының Серебрянск қаласындағы № 150 корпусы көпфункционалды кешенге қайта жаңарту – 1686,7 млн. теңге).

2024 жылдың басында «AstanaBallet» аншлагымен облыстық симфониялық оркестрдің концерті өтті, облыс орталығында композитор Сыдық Мұхамеджановтың «Айсұлу» операсы, «Mamma Mia» мюзиклінің премьерасы қойылды. Облыстық драма театрында «Оперетта театры» бөлімшесі ашылды.

2024 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған барлық өңірлік ұжымдардың қатысуымен үрмелі оркестрлердің облыстық фестивалі өтті. Көркемөнерпаздар шығармашылығын дамыту үшін Өскемен қаласында Риддер және Тарбағатай халық театрларының гастрольдері өтті.

Біздің облыста тарихи-мәдени мұраны одан әрі сақтау және насихаттау үшін ШҚО археология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламасын іске асыру жалғастырылды. Қазба жұмыстары Ақбауыр археологиялық кешенінде (*қола дәуірінен ерте сақ дәуіріне дейінгі өтпелі кезеңдегі қоныс*), Елеке сазы (*ежелгі түркі уақыты*), Берел (*хунно-сяньбия уақыты*), Көкентау (*әр уақыттағы археологиялық кешен*), Алтай-Тарбағатай аумағында жүргізілді.

Аймақтың бай тарихи және мәдени мұрасын насихаттау халықаралық деңгейде жүргізілуде. Өткен жылы Татарстан Республикасының «Қазан Кремль» мемлекеттік мұражай-қорығында, Түркияның Анкара қаласындағы Анадолы өркениеттері мұражайында «Ұлы дала алтыны» көрмесі өткізілді. Көрмеге 15 мыңнан астам артефакт қойылды.

2024 жылғы 10 қыркүйегінде Астана қаласының Ұлттық музейінде археология, мәдени мұраны сақтау және музей дела саласындағы жетекші мамандарды жинаған «Алтай-түркі әлемінің алтын бесігі» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.

Облыста креативті индустрияларды дамыту мақсатында шығармашыл жастарды, креативті индустрия өкілдерін қолдауға, сондай-ақ қазақстандық мәдени өнімді халықаралық мәдени кеңістікке жылжытуға бағытталған шаралар кешені іске асырылуда.

Мәселен, 2024 жылдың 10-12 қазанынан бастап Ұлан ауданы Бозанбай ауылында «Бүркіт төбе» алаңында Қазақстан, Моңғолия, Венгрия, Қытай, Ресей және Қырғызстан қатысушыларымен «Шығыс салбұрыны» халықаралық фестивалі өткізілді. Іс-шараға 5000-нан астам қонақ қатысты. Аумақта киіз үй қалашығы, 20-дан астам киіз үй орнатылды, онда қонақтар дәстүрлі қазақ өнері мен қолөнерінің түрлі көрмелеріне қатысып, сырмақ жасау, кесте тігу және ұлттық тағамдар дайындау бойынша шеберлік сыныптарына қатысты.

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған облыстық арнайы кітапхана базасында инклюзивті шығармашылық зертхана құрылады, сонымен қатар А.С. Пушкин атындағы облыстық мұражайлар мен кітапханада әдеби және арт-резиденциялар ашылды.

Мұражай-қорықтың «Шеберлер қаласы» алаңында балшықтан мүсіндеу, ағаш ою, киіз басу, ши тоқу, былғарыдан, матадан бұйымдар жасау бағыттары бойынша халық кәсіпшілігін танымал ету бойынша жұмыстар жалғастырылды.

Шығармашылық индустрия салаларын танымал ету үшін жыл сайын «Музейдегі түн» акциясы, шағын және орта бизнес өкілдерінің, жетекші қолөнершілердің, қолданбалы өнер саласындағы сарапшылардың қатысуымен «Шығыс кәдесыйы» облыстық қолөнер шығармашылығы фестивалі өткізіледі.

Ағымдағы жылы облыста бірқатар жарқын іс-шаралар өткізілді, соның ішінде «Ғасырлық дәстүрлер» кілем тоқу фестивалі, Қалихан Ысқақовтың 90 жылдығына арналған айтыс, «Shygyscreativehub» креативті индустриялар форумы және «Алтай – алтын бесігім» халықаралық айтысы. Мәдени мұраны сақтауға және аймақты шығармашылық пен бірегейліктің орталығы ретінде ілгерілетуге көп көңіл бөлінеді. Театр ұжымдары Шығыс Қазақстанды, Өзбекстанда, Қырғызстанда және Грузияда сәтті таныстырды.

2025 жылы тамыз айында Зайсан ауданы Сарытерек ауылындағы мәдениет үйі, жалпы құнымен – 145,0 млн. теңге күрделі жөндеулер аяқталды.

Өскемен қаласындағы Тоқтаров көшесі бойындағы мұражай ғимараты, 56 жалпы құнымен – 292,1 млн. теңге күрделі жөндеуі жалғасуда.

Біздің облыста тарихи-мәдени мұраны одан әрі сақтау және насихаттау үшін ШҚО-да археология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту Бағдарламасын іске асыру жалғастырылатын болады.

Сондай-ақ, «Абай әлемі» кітап сериясы» әдеби жобасы жалғасады. Осылайша, облыс кітапханаларының қорлары толықтырылады.

Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес бұқаралық спортты, оның ішінде балалар футболын, балалар мен жасөспірімдер шайбалы хоккейді дамыту жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Жоғары жетістіктер спортын дамытуға және спорт резервін дайындау жүйесіне, салауатты өмір салтын насихаттауға, спорт секциялары мен клубтарының қызметін жандандыруға, спорт мектептерінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етуге және спорт инфрақұрылымын кеңейтуге ерекше назар аударылады. Спорт саласындағы жобалар, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдана отырып іске асырылатын болады.

2024 жылы облыс аумағында 3600 спорттық бұқаралық іс-шаралар өткізілді, соның ішінде 77 республикалық, оның қатарында олимпиадалық – 63 (24 қысқы, 39 жазғы), олимпиадалық емес – 9 (1 қысқы, 8 жазғы), ұлттық спорт түрлері – 5 және халықаралық іс-шаралар – 3.

Спорт түрлері бойынша ұлттық құраманың құрамына 735 спортшы кірді, оның ішінде негізгі – 266, жастар – 171, жасөспірімдер – 298. Облыс спортшылары 4085 медаль (облыстық, республикалық, халықаралық жарыстар)

жеңіп алды, оның ішінде: алтын – 1472, күміс – 1308, қола – 1305.

2024 жылы 2 спорт нысаны (Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Риддер қаласындағы спорттық-туристік инфрақұрылым (шаңғы-роллер трассасы) пайдалануға берілді.

Сондай-ақ, 2024 жылы мемлекеттік спорттық тапсырыспен спорттың 18 түрі бойынша 5000 бала қамтылды (кратэ, дзюдо, таеквондо, бокс, еркін күрес), облыстық бюджеттен 1,1 млрд. теңге бағытталды.

Өткен жылдан бастап 7 спорттық нысанның құрылысы жалғастыруда (6 Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында, Ұлан ауданының Таврия және Бозанбай ауылдарында, Марқакөл ауданының Марқакөл ауылында, Үлкен Нарын ауданының Үлкен Нарын ауылында, Катонқарағай ауданының Катонқарағай ауылында ДШСК және Зайсан ауданының Айнабұлақ ауылында спорттық модулі).

2025 жылы қыркүйегін айында 2 нысанның пайдалануға берілді (Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында орталық стадионды қайта жаңарту, Өскемен қаласында Согра кентінде шаңғы базасы).

Үш спорт нысанына (Өскемен қаласындағы орталық бассейн және Күршім ауылындағы спорт кешені) күрделі жөндеу жүргізуге облыстық бюджеттен 281,0 млн. теңге қарастырылған.

2024 жылғы 5-15 маусым аралығында Өскемен қаласында 6 спорт түрі бойынша қалалар/аудандар, облыстық басқармалар мен аумақтық департаменттер арасында мемлекеттік қызметшілердің XVII Спартакиадасы өткізілді, оған 500-ден астам адам қатысты.

23 шілде мен 8 тамыз аралығында «2024 Париж» XXXIII жазғы Олимпиада ойындары өтті. Еліміздің қалалары мен облыстары арасында алған лицензияларының саны бойынша облыс үштікке кірді, 9 спортшы 11 олимпиадалық лицензияны жеңіп алды.

13-23 тамыз аралығында 22 спорт түрінен XXII халық спорты ойындары өтті, 2 мыңнан астам спортшы қатысты.

2024 жылдың 7-8 қыркүйегінен бастап ШҚО дене шынықтыру және спорт басқармасының «Tour de oskemen – 2024» жүлдесіне әуесқойлар мен велоспорт ардагерлері арасында тас жолда велосипед спорты бойынша жарыстар өтті.

2024 жылы Дене шынықтыруды дамыту орталығы ашылды, оның мақсаты дене шынықтыруды ойын түрінде дамыту бойынша мектепке дейінгі ұйымдармен тығыз ынтымақтастық, жалпы білім беретін мекемелермен бірлесіп спорт түрлері бойынша ауылдық, аудандық мектеп лигалары, студенттер лигалары, жастар арасындағы лигалар, еңбек ұжымдары мен қарттар арасындағы спартакиадалар форматында жарыстар өткізу болып табылады.

2025 жылғы қаңтар-тамызда айларында облыс аумағында 2802 спорттық-бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде: 2 халықаралық, 63 республикалық және 128 облыстық өткізілді.

Маңызды оқиғалар ұйымдастырылды және өткізілді, олар:

- Шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасының VI қысқы Спартакиадасы (8-15 ақпан);

- Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакованың жүлделеріне арналған INDOOR TOUR Silver Level жеңіл атлетикадан X Халықаралық турнирі (1 наурыз);

- Тау шаңғысы спортынан (8-16 наурыз) және мәнерлеп сырғанаудан (7-12 сәуір) Қазақстан Республикасының VI қысқы Спартакиадасы ;

- XI облыстық «Саулетай» балалар спорттық ойындары (25-28 наурыз);

- VI Жастар спорт ойындары аясында велоспорттан бірқатар жарыстар өтті: ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық чемпионаты, U23 (19-22 жас) жас санатындағы ерлер мен әйелдер арасындағы жеке жарыста Ұлттық чемпионат (22-29 маусым);

- Шахматтан «Oskemen Open 2025» халықаралық турнирі.

Нәтижесінде 2025 жылдың 8 айында облыс спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда 3533 медаль жеңіп алды, оның ішінде: алтын – 1201, күміс -1114, қола – 1218.

2025 жылы мемлекеттік спорттық тапсырыс шеңберінде облыстық бюджеттен тегін спорт секцияларында балалардың сабақтарына 1,0 млрд. теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда 221 спорт секциясында 3533 бала, 17 түрі бойынша тегін айналысады.

Облыс тұрғындарын спорттық-бұқаралық іс-шараларға қатысу арқылы дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2.2.2. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму тәуекелдері

Жаһандық өсудің баяулауын, шикізат бағасының құбылмалылығын, геосаяси шиеленісті және жаһандық саудадағы өзгерістерді қоса алғанда, сыртқы сын-қатерлер облыс экономикасы үшін негізгі тәуекелдер болып қала береді.

өңірдің экспортқа бағдарланған экономикасы үшін мыналар:

шикізат тауарлары бағасының төмендеуі;

